

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

ТҮЙТКІЛ

АРҚА ЖАЙЛЫ БОЛСА...

«Серпін» бағдарламасымен оқу бітіргендер терістікте неге тұрақтамайды?!



Қонысбай Елімов Шағалалы ауыл шаруашылығы колледжін аяқтаған соң облыс орталығының іргесіндегі Краснояр ауылында ірге теуіп, тұрақтап қалды. Түркістан облысынан келген өндірідей жастың солтүстікті жерсініп, тұрақтануына аса көп қиындық туа қойған жоқ. Колледжді аяқтағанымен, шаңырақ құрған. Қазір екі баласы бар, ел қатарлы түтін түтетуде. Бір тәуірі, жұмыс іздеп жанын қинаған жоқ. Істеймін деген адамға жұмыс ит-ырғын. Тіпті даланы қойып, қаланың өзі маман механизаторға жарымай отыр. Оның бір себебі, алдыңғы лек механизаторлардың жастары жетіп, зейнетке шығып кеткен. Кейінгі жастар бұл мамандыққа аса көп қызықпайды. Өтпелі кезеңде механизатор мамандығы қадірсіз кәсіпке айналды. Ауылдағы механизаторларға еңбекақысы үшін сабан, жем берілетін. Жалақы көрмегелі неше жыл.

(Жалғасы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

БИОТАЖАЛҒА ТОСҚАУЫЛ

Ядролық немесе химиялық қаруды бақылайтын арнайы ұйым биоқауіпсіздік жүйесінде де болуы тиіс. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 75-сессиясында Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру қажеттігі айтылды. Бұл мекеменің қызметі бактериологиялық (биологиялық) қаруды дайындауға, өндіруге тыйым салатын және оны жоюды көздейтін 1972 жылғы Конвенцияға негізделуі тиіс. Халықаралық қоғамдастыққа осындай бәтуалы бастамамен үн қатқан БҰҰ мүшесі – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.



Адамзат денсаулығына алаң болып тұрған бүгінгі ғаламның болашағы тұрғысынан қарасақ, тын әрі тағдыршеш, өзекті де өміршен ұсыныс. Сөзі салмақты, пікірі пайымдылар тарапынан қолдау табуы да содан. Дүниетанымы мен түсінік көкжиегі әлеуметтік желінің ар жағынан көрінбей, көмескілене бастаған қайсыбір ағайын әдеттегідей «әлемді емес, әуелі өзімізді жарылқап алайықшы» дейтін көк сзу күнкілін іркіп қалмады. Ал тарихтан хабардар, көркем шығарма оқығандар кезінде сайын даланы жалмап, жапырып өткен шешек, оба, сүзек секілді жұқпалы кеселдердің алысқа да, жақынға да ортақ қасірет болғанын жақсы біледі.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Бұдан былай студент қазына қаражатымен қанша жыл оқыса, сол кезеңді еңбекпен өтейді, яғни сонша жыл жұмыс істейді деген сөз. Бұл туралы осы заң жобасын талқылау кезінде Мәжіліс депутаты Әбдіманап Бектұрғанов хабарлады. Түсінікті тілмен айтсақ, грантпен оқуға түсіп, мемлекеттің ақшасымен аяқтаған түлектерге қатысты ешқандай сұрақ жоқ. Ал грантпен оқуға түсіп, кейін ақылы бөлімге ауысатын болса немесе ақылы бөлімнен грантқа ауысса, онда әлгі студенттің мемлекет алдында жауапкершілігі болуы керек. Мемлекеттің ақшасымен білім алдыңыз ба, онда еңбекпен өтеңіз! Білім саласындағы бұл талаптың жөн-жосығын республикалық QAZBILIM орталығының жетекшісі Аятжан Ахметжанұлынан сұрап-білдік.



Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ:

САПАСЫЗ МАМАН – МЕМЛЕКЕТКЕ ШЫҒЫН

Жас қазақ: Мәжілісте «жоғары оқу орындарын грантпен оқып бітірген студенттер мамандығы бойынша үш жылдан артық жұмыс істеуі керек» дейтін мәселе көтерілді. Тегін білім алып, оны өтемейтіндер көп пе? Занның негізгі мақсаты қандай? Мемлекет оның бәріне жұмыс тауып бере ала ма?

А.Ахметжанұлы: Студент мемлекеттік грантпен оқуды бітірсе, ол кемінде үш жыл өз мамандығы бойынша жұмыс істеп, гранттың өтеуін өтеуі керек дегенге екі жақты қарау керек деп ойлаймын. Бір студентке бөлінетін гранттың құны едәуір ақша. Шәкіртақы, жатақханасы, оқуы бар – бұл қомақты ақша. Ол – мемлекеттің қаржысы. «Судың да сұрауы бар». Демек қаржының да сұрауы болуы керек. Бұл тұрғыда студентке бөлінген ақшаның сұрауы болуы керек деген пікірмен келісуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, мұндай заң талаптарынан кейін әркімнің болашақта жауапкершілігі артады. Грант болса, түсіп оқи беретіндер көп. Егер қалағалау болса, бұл мамандықпен ертен жұмыс істей аламын ба, бұған қызығамын ба, жоқ па деп, ойланып барып шешім қабылдайды. Жас маман оқуға түспей тұрып, болашақтағы өзінін жауапкершілігін, мемлекеттің жауапкершілігін ойлайтын болады. Қазір ондай жауапкершілікті ешкім ойлап жүрген жоқ. Грант қай мамандыққа көп бөлінсе, тегін оқимын деп түсе берді. Сондықтан бұдан былай мемлекеттік грант зерттеліп барып бөлінуі керек. Өкінішке қарай, зерттелмей грант бөлінетін мамандық көп. Мұның салдары ауыр. Ертен грантпен оқытқан маманға жұмыс тауып бере алмасак, онда кім кінәлі? Содан кейін, грант бөлінгеннен кейін төрт жылда жағдай өзгеріп кетуі мүмкін. Қаншама мамандықтар жабылып жатыр? Соның бәрі ескерілуі керек.

Жас қазақ: «ЖОО өзі берген дипломын бағалай білуі керек» деп айтылды. Диплом «басып шығаратын» университеттерге бақылау қалай күшейеді?

А.Ахметжанұлы: Дәл қазір университеттерге талап күшейіп жатыр. Бақылау тетіктері түгелдей мемлекеттің қолында. Білім министрлігінің ішіндегі білім сапасын қадағалау бөлімінде. Негізі, мектеп, колледж, университет болсын, оның білім сапасын қадағалайтын, сараптама жасайтын қоғамдық тәуелсіз бақылаушылар болуы керек деп ойлаймын. Бізде университет саны тым көп. Халықтың санына шаққанда, мемлекеттің мүмкіндігі мен қоғамдық, мемлекеттік қажеттіліктерді ескергенде, дәл қазіргі жоғары оқу орындарының саны артық. Сондықтан әлі де зерттеп, жабағынын жабу керек деп ойлаймын. Себебі сапасыз маман мемлекетке экономикалық жағынан шығын, халыққа да тиімсіз. Содан кейін, әркім өзі көтере алатын шоқтарды беліне байлауы керек. Бұрын да айтып жүрмін. Мысалы, педагогикалық университет заңгер мен экономисті, техникалық маманды дайындай алмайды. Дайындауға рұқсат берілмеуі тиіс. Керісінше де солай. Осыны ескерген жөн.

Жарас КЕМЕЛЖАН

КЕСЕЛ

НЕ ТҮСЕР ҚҰР КҮЛКІДЕН ЖЫРТЫҢ-ЖЫРТЫҢ?..



Тренд деген термин тілдік қолданысымызға енгелі оның соңынан құған жастарды көріп, басында қайран қалдық. Әлеуметтік желідегі ерсілігін шолып шығып, бетті бір шымып қоя салдық. Одан кейін, тіпті «Әй, өздері білсін» деп қолды бір сілтедік. Әсіресе, соңғы уақытта тик-ток сондай арзан танымалдылықты құған, «атың шықпаса, жер өрте» дегенді желеу еткендердің алаңына айналды. Елді елең еткізем деп ардан аттап жатқандардың әрекеті бұл желіде жетіп артылады. Бөксесін бұлғандатқан бұрымдылар, ерсі сөзімен өзгені өзіне қаратқан жігітсымақтар лайк үшін басын бөксе тігуге де дайын ба дерсің.

(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
41,80

DOLLAR
430,43

EURO
497,50

РУБЛЬ
5,47

Қазақ REALISM

Интернет іздеп,
дала кезіп, үйден безіп...



Келебұлақ ауылы Алматы облысы

Фото: egemen.kz



7 КҮН 168 САҒАТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

КӨКЕЙКЕСТІ

(Басы 1-бетте)

Күллі дүние дертіне дауа таппай жатқан төжесел де шеттен келген індет. Енді тағы қандай вирустың алқымнан алары бір құдайға аян. Бізге белгілісі — жаһанданудан соң жұтатын ауасы, шешіп суы, жейтін азығы, бәрі-бәрі бір кеңістікте тұрғандықтан адам баласының тауқымет-тәлейі де ортақ. Бұл мәселеге осы тұрғыдан қараған абзал.

Рас, күні кешеге дейін түрлі кесел мен індеттен жасалатын биотажалды алапат қауіп-қатерге жатқыза қоймады. Содан шығар, Халықаралық атом энергетикасы жөніндегі агенттік (IAEA), Химиялық қаруға тыйым салу жөніндегі

шығып, «сібір жарасының қоздырғышы» деп бір микроағзаны айналаға шашуға әрекеттенді. Бірақ бұл істің маманы болмағандықтан, штамды шатастырып алған деседі.

Сол Америка 2001 жылы әлгі конвенцияны тәрк етті. Бұған елді әбігерге түсірген биокастандық әрекеті себеп ретінде көрсетілді. Айта кеткен жөн, осы биотерроризм ұғымы әлгі құжатта жоқ. Мамандар мұны конвенция қабылданған кезде адамдарға қарсы мұндай қастандықтың болмауымен түсіндіреді. Осыдан-ақ құжаттың мазмұнын жетілдіру, оның талаптарын орындау, биологиялық зерттеу мен тәжірибе

пайда болды ма, әлде қолдан жасалды ма?» деген сауал төңірегінде қызу пікірталас өрбіді. Мамандар мен оқырман қауым дереу америка каламгері Дин Кунитты еске алды. Жазушы 1981 жылы жарық көрген фантастикалық сипаттағы «Қаратүнектің көзі» (*Eyes of Darkness*) атты романында тұтас елдерді жойып жіберуге қауқары жететін аса қауіпті індеттің пайда болатынын болжайды. Ол вирусты «Wuhan — 400» деп атайды. Сондай-ақ биылғы жылдың басында сол «Ухандағы зертханада жұмыс істеген» дейтін америка дәрігері, ғалым Чарльз Либердің қамауға алынуы да алып-қашпа әңгіме мен қауесетті қоздырып жіберді. Аурудан зарлап шеккенін алға тартып, миллиардтаған доллар өтемақы төлеуді талап ететіндер де табыла кетті. Енді біреулер Билл Гейтстің екле салдыру жөніндегі бастамасын «әлемді билеуге ұмтылған ықпалды топтың ғаламдық қастандығы» деп аттан салып жатты. Ал бізде пандемия өршіп тұрған кезде әлеуметтік желі арқылы «ұшақпен ауру таратып жатыр» деген инфодемияны қайта-қайта жоққа шығаруға тура келді.

БИОТАЖАЛҒА ТОСҚАУЫЛ

Ұйым (OPCW) сияқты арнаулы мекеме бұл салада құрылған жоқ. 48 жыл бұрын қабылданған әлгі конвенциядағы талап пен ереженің орындалуын бақылайтын халықаралық тетіктер (*механизм*) жасалмады. Оның үстіне сол заманғы қос алпауыт — АҚШ пен Кеңес Одағы биологиялық қарудың жойқын түрін жасауға жанталаса кірісті. Сол мақсатпен жан-жануар мен жәндік атаулыға тәжірибе жасап, әр түрлі кеселдің адамға тигізер зияны мен залалын анықтауға тырысты. Арал теңізінде сырт көзге жабық аумақта (*ара*) жүргізілген осындай үрейлі эксперимент «Биотажал» (*Biohazard*) атты кітапта былай суреттеледі: «Желдің өтіндегі шағын аралда жүздеген маймыл бағанға байлаулы. Тарс еткен дыбыс тыныштықты бұзып жіберді. Көк жүзінде кішкентай металл шар көрінді. Ол әуеде шыр айналған күйі жерге құлидалы. Іле-шала жарылыстан соң сынықтары айналаға шашылды. Жерден шамамен 20 метрдей биіктегі жарылыс болған нүктеде жасыл түсті қою түтін пайда болды. Ол сорғалаған күйі маймылдар тұрған жерге жақындай басталы. Мұны көрген маймылдар шынғырады. Басын еңкейтп, ауызы — мұрын жұбаға ұмтылады. Бірақ тәтті келген ажалдан құтыла алмайды. Аралдың енді бір шетінде биологиялық шабуылдан қорғайтын арнайы киімі бар бір топ адам тәжірибенің қалай өтіп жатқанын дүрбімен қарап тұр. Бірнеше сағаттан кейін тірі қалған маймылдарды жинап, торға апарып тастайды. Біраз уақыт мақұлықтардың сібір жарасы, Ку безгеі, шешек, бруцеллез, обадан қалай қырылғанын бақылайды».

Жалпы, еліміз аумағында жүргізілген мұндай тәжірибелер әлі күнге дейін ашылып айтылмаған ақпаратқа тақырып. Мемлекет басшысының БҰҰ-дағы мәлімдемесінен кейін бұл саланы зерттеп-зерделеу, елеп-екшелеу, биотажалдың адам өміріне қатерлі қару екенін нақты дәлел-дерекпен көрсету қолға алынар деген үміттеміз.

Кітаптың авторы — кеңестің құпия нысандарында әскери дәрігер болып қызмет еткен қандасымыз Қанатжан Әлібеков. Ол 90-жылдардың басында АҚШ-қа барып, осы төңіректің ғылыми зерттеумен айналысты. Айта кеткен жөн, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көрген былай тұрсын, естігеннің төбе шашын тік тұрғызар жантүршігерлік тәжірибені тірі адамдарға жасаған атышулы «731-Топтың» (*Unit 731*) жетекшісі, Квантун армиясының бас әскери дәрігері Исиро Исин де американдықтарды мол мағлұматпен байытқан деседі. Жапонның атышулы «Аум Синрикио» ағымының өкілдері биотажалдың күш-қуатына шабуыл арқылы көз жеткізгісі келді. Олар 1994 жылы Токиодағы мұнараның басына



жүргізіп жатқан орталықтардың қызметін тексеруге өкілетті бар арнайы мекеме құру, адамзатты алаңдатқан биотажалға тосқауыл қою өмір талабына айналды. Айбатын айға білеген мемлекеттің өзін сескендірген төтенше оқиғаға оралсақ, сол жылы қыркүйекте бірқатар БАҚ кеңесі мен Демократиялық партия атынан сайланған екі сенаторға пошта арқылы келген конверттен сібір жарасының қоздырғышы табылады. Бес адам көз жұмып, 17 азамат ауру жұқтырды. Федералдық тергеу бюросы (*FBI*) тексеру жүргізіп, қылмысқа Форт-Детрикттегі үкіметке қарасты зертханада жұмыс істейтін Брюс Елвардз Айвиндздің қылмысқа қатысы бар деген тұжырым жасады. Сабыры сыр берген ғалымның өзі жеті жылдан кейін өзіне қол жұмсайды. Бұдан бұрын, нақтырақ айтсақ, 1984 жылы Орегон штатында Ражниши ағымының (секта) өкілдері сайлауда қарсыластарын саптан шығару үшін тамаққа зиянды зат қосып береді. Нәтижесінде 751 адам салымонеллез кеселін жұқтырып, 45 наукас аурухана төсегіне танылады.

Америка топырағы адам баласына жасалған қастандықтың бұдан да зорына куә. Әсіресе, кәрі құрлықтан барған отаршылардың шешекпен ауырғандардың киімі мен жамылғыны тұрғылықты халық — үндістер арасында таратқаны, миллиондаған бейкүнә жанның қырылғаны туралы көп айтылды. Кейбір зерттеушілер мұны ең алғашқы ауқымды биотажал деп жүр. Алайда тарихи деректерге жүгінсек, сонау қадым заманда обадан өлген адамның мәйітін немесе жан-жануардың уланған өлексесін жауының алдына тастап, жұқпалы кеселді қару ретінде пайдаланғанын айғақтайтын дерек көп.

Коронавирус кеселі шартарапқа жайылған тұста «Кесел табиғи ортада

Сайып келгенде, мұның бәрі әлемдік деңгейде мойындалып, ақиқаты күмән туғызбайтын толыққанды мағлұматтың жоқтығынан еді. Анық-қанығын айтып, дерттің дауасын тап басып, дәл көрсететін, жұртшылықты дер кезінде құлақтандырып, шалыс қадамнан, қателік-қайшылықтан сақтандырып отыруға тиіс Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирусқа қарсы күреске дайын болмай шықты. Ұйымның кейбір мемлекеттер мен фармацевтикадағы алпауыттардың қамын күйттеп кететіні жөнінде түрлі әңгіме, дәйек пен дерек те жетерлік. Бұл өз кезегінде ДСҰ төңірегінде қылан беретін күлік пен күмән бұлтын қоюлатып, мәртебелі ұйымға деген сенімге селкеу түсіріп жатқандай.

Қазір эпидемиолог-мамандар мен ғалымдар «коронавирус табиғи ортада пайда болды» дейтін пікірге басымдық беріп тұр. Пандемияны ауыздықтай алатын екеп жасау ғаламдық ауқымдағы бизнес пен бәсекеге айналып барады. Ал қатерлі індет жан алуын тоқтатар емес. Бұл жетіде әлемдегі Covid-19 құрбандары 1 миллионнан асты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-дағы жиында осы вакцина мәселесін саясиландыруға болмайтынын ескертті. Денсаулықты қорғау, биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету адамзаттың жұмыла көтеретін жүгі, көп болып бірге шешетін көкейкесті міндеті екенін қаперге салды. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің алдында есеп беретін, арнайы көпжақты орган — Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру жөніндегі Қазақстанның ұсынысы осы жолдағы нақты қадам, онтайлы шешім екеніне ешкімнің таласы жоқ шығар.

Срайыл СМАЙЫЛ,
шолушы

Әлеумет.т⁰

ИНФОДЕМИЯ ВИРУСТАН ДА ҚАУІПТІ

COVID-19 пандемиясы туындатқан дағдарыстың барлық салаға кері әсерін тигізгені мәлім. Оның ішінде, медиакеністікті қосқанда, ақпарат саласы бар. Індет Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Журналистер қауымы хабар тарату және шынайы ақпарат алуға бұрын-соңды болмаған қиындықты бастан кешірді. Мұны ұғыну осы саладағы түйінді мәселелерді қайта қарауға мәжбүрледі. Қазір бүкіл жұмыс пандемия кезеңіндегі жаңа талаптар және оған ілескен инфодемияны ескере отырып жолға қойылды. Инфодемия мемлекеттерге пандемиядан бетер зиянын тигізді. Оны өңсеру үшін бәріміз бірігіп әрекет етуіміз керек.

Біздің елімізде осы бағытта бірқатар жұмыс атқарылды. 1 шілдеден бастап республикалық коммуникациялық орталықтың жұмысы күшейтілді. Дәл осы араға бүкіл мемлекеттік органдардан жедел ақпарат келіп түседі. Бұл елдегі ақпараттық қызметті барынша үйлестіруге жағдай жасайды.

Оған қоса, наурыздың алғашқы күнінен-ақ covid19.kz сайты жұмыс істеді. Осы кезге дейін оған 40 мыңнан астам азаматтан өтініш-сауал түсті. Мемлекеттік органдар тарапынан барлық өтініш-сауалдарға жауап берілді. Нақтырақ айтсақ, бұл көрсеткіш 99,8 пайызды құрады. Ал дәл қазір 89 өтініш қаралып жатыр.

Бұдан басқа, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінен құралған жедел мониторинг тобы құрылды. Ол коронавирус тақырыбы бойынша резонанс тулдырған жәйттерді дер кезінде анықтап, шара қолдануды көздейді.

Тағы бір назар аударғымыз келген ерекшелік — Қазақстан Орталық Азияда тұңғыш рет фейк-ақпараттарға қарсы арнайы сайттарды іске қосты. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен stopfake.kz сайты жұмыс істейді. Ол БАҚ-та, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде таратылатын жаңалықтардың шынайылығын анықтауға арналды. Жоба іске қосылған сөттен бастап, жүзден астам материалға талдау жасалды. Соған орай, 37 ақпаратқа түсініктеме беріліп, 90 жалған жарияланым жоққа шығарылды.

Айта кетейік, мамандандырылған *American Journal Of Tropical Medicine and Hygiene* кәсіби басылымы «Қазақстанда фейк ақпарат денгейі төмен» деген баға беріпті. Журналдардың мұндай рейтингіне көзқарас түрліше болатыны түсінікті. Алайда мұның өзі «сырт көз — сыншы» екенін айғақтайды, әрі пандемия кезінде Қазақстандағы ақпарат жұмысының өзіндік көрсеткіші іспетті. Біздіңше, ақпаратты барынша қолжетімді ету — қоғамның билікке деген сенімін арттырады.

Биыл маусым айында Қазақстанның Қылмыстық кодексінен жала жабу туралы бап алып тасталды. Заңға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойды. Бұл ел басшылығының азаматтық қоғам дамуының құрамдас бөлігі саналатын сөз бостандығын өрмен қарай өркендетуге бағыт алғанын бап етеді.

Осы жазда елімізде мемлекеттік БАҚ-тардың бірінші порталы мен Мемлекеттік бағдарламалар порталының тұсауы кесілді. Бұл механизм барлық шынайы ақпаратты, бейнедеп айтқанда, «булақтың басынан» алуға мүмкіндік береді. Осы портал еліміздің негізгі жұмысынан мағлұмат беретін жаңалықтар агрегаты болып табылады. Материалдарға жасалған контент-талдау қабылданған шараларды оқырманға ғылыми-көпшілік тілмен жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі алмағайып кезеңде орасан ақпараттық жұмыс аймақтарда, яғни 14 облыс және республикалық маңызыға ие үш қала әкімдігіндегі ішкі саясат, қоғамдық даму басқармаларында жүріп жатыр.

Қазақстандағы журналист мамандығы туралы айтқанда, ең алдымен тілші қауымның қызметі ел Конституциясымен қорғалатынын атап өткен жөн. Сөз және шығармашылық бостандығына мемлекет тарапынан кепілдік берілген. Сонымен қатар, сала қызметкерлерін қорғайтын «БАҚ туралы» және «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң қолданыста. Журналистер қызметінің әлеуметтік қыры, өзге де мамандықтар сияқты, еңбек туралы заңмен реттеледі.

Оған қоса, Әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік, еңбек қатынастарын реттейтін салалық комиссия жұмыс істейді. Оның құрамына бірқатар мемлекеттік және тәуелсіз БАҚ жетекшілері, үш кәсіподақ ұйымы мен ақпарат министрлігінің өкілдері енген.

Осы салада жиырма бес жыл еңбек етіп жүрген журналист ретінде бүгінде пісіп-жетілген БАҚ қызметкерінің дәрежесін анықтау мәселесіне айрықша тоқталғым келеді. Ақпарат министрлігі Қазақстан Медиа қауымдастығы және «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қорымен бірлесіп, БАҚ қызметкерлеріне олардың құқығы мен еркіндігіне нұқсан келген жағдайда, соның ішінде кәсіби қызметіне байланысты сотқа бергенде заң кеңесін алу жағын қарастыруда.

Журналистер өз қызметінде «БАҚ туралы» заңды басшылыққа алып, шынайы және объективті ақпарат таратуы қажет. Біз саланы дамыту және Қазақстандағы журналистердің құқығын қорғау бойынша журналистік қауымдастық тарапынан сындарлы ұсыныстарды қарауға дайынбыз.


Қазір, дипломатия тілімен айтқанда, тараптардың мүддесін өскеру арқылы мақсатты түрде бірлескен жұмыс жүріп жатыр.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Бас редакторлар клубының президенті (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның онлайн-конференциясында сөйлеген сөзі)



КАРАНТИН ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАНДАР

Төртін



Карантин ережелерін бұзу дерегі	28000
Сауда орталықтары, дүкен, базар	4600
Мейрамхана, кафе, демалыс орындары	1700

КАРАНТИН ЕРЕЖЕЛЕРІН ЕҢ КӨП БҰЗҒАН АЙМАҚТАР	
Қостанай облысы	5000
Алматы қаласы	3800
Түркістан облысы	3000
Батыс Қазақстан облысы	2500
Шығыс Қазақстан облысы	2000

Дереккөзі: Ішкі істер министрлігі

Сөз-Жебе

Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:



«Еліміздегі әрбір сегізінші тұрғын кедейлік қамытын киіп жүр. Жұрттың несие амнистиясын сұрауы орынды әрі түсінікті. Бірақ бұл мәселені шешпейді. Өйткені оны туындатып отырған екі нәрсе бар. Біріншісі — банктердегі пайыздың жоғары болуы. Олар бастапқы жарнаны төмендетпейді, бірақ мемлекеттен несие қолдауға көмек сұрайды. Екіншісі — қаржы министрлігінің жеке тұлғаларды банкрот деп жариялауына заңдық құзырет бермеуі. Бұл заң несие мен төлей алмай қалғандарды қорғап, сондай-ақ үйін, мүлкін сақтап қалуға септігін тигізетін еді».

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Оның өзінде жұмыс көктемде бір ай, күзде бір ай ғана бар. Қалған уақытта көшеде ит қуып жүреді. Сосын, жан кинамай-ақ, көп ақша қарпығысы келетін жас толқын зейнетінен бейнеті жүз есе артық бұл мамандықты қаперіне де ілген жоқ. Уақыт өте келе техника тілін білетін, тізгіндей алатын маманды күндіз қолына шам алып іздесен де таба алмайтын деңгейге жетті.

Енді, міне, Қонысбай тәрізді солтүстіктің көсегесін көгертсем деп, мамандық игеріп, кәсіп

Біз тілдескен Шымкент өңірінің тумасы Фариза Қалдырбекова — «Серпін» бағдарламасы бойынша оқуды биыл бітірген жас түлек. «Киім дизайны» мамандығын менгеріп шыққан ол қазір жоғары техникалық колледжіне жұмысқа орналасып, педагогикалық еңбек өтілін бастап кетті. Шетелден жеткізілген су жана тігін машиналарын менгеріп, студенттерге киім тігудің жай-жапсарын барынша үйретуде. Өзімен бірге бітірген талай замандас түлектер жұмыс жоктығын сылтауратып, туған елдеріне, «жылы жаққа қарай ұшып кетіпті». «Ал шындап іздеген жанға

университеті соңғы 3 жылда 714 серпіндік түлекке диплом беріпті. Алғашқы түлектердің 90 пайызы, былтыр 60 пайызы, биыл, болжам бойынша, 40 пайызы ғана жұмысқа орналасқан. Оның өзінде жұмыс көзі бұл жақта емес.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті жанындағы жұмысқа орналастыру және мансап орталығының жетекшісі Айжан Тәжмиева: «Биыл «Білім туралы» Заңға арнайы бағдарламамен оқу бітірген түлек үш жыл бойы жіберілген аймақта сынамадан өтуі міндетті» деген өзгерту енгізілді.

АРҚА ЖАЙЛЫ БОЛСА...

«Серпін» бағдарламасымен оқу бітіргендер терістікте неге тұрақтамайды?!



Біз түлектермен онлайн жиналыс өткізіп, жұмысқа орналасу проблемасына бірге үйліміз келді. Бұл жерде алғаш енгізілген сынамадан өту мәселесі талқыланды. Жергілікті кәсіпорындар әрдайым жұмыспен қамтамасыз ете бермейді. Көбінесе, еңбек өтілін талап етеді. Әрі жергілікті атқарушы билік тарапынан да қолдау керек. Себебі басқа өңірдің жастары үшін баспана мәселесін шешудің жолын қарастыру керек», — деп мән-жайды түсіндірді.

«Серпіндіктердің жұмысқа орналасуына осы жолы карантин кедергі болды», — дейді кейбір жауапты мамандар. Одан басқа,

отбасын құрып, магистратураға түскендер, әскерге кеткендер тағы бар. Мемлекеттік бағдарламамен оқуға үміт білдірген талапкерлер биыл аз емес.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің проректоры Темірхан Жарқыбеков: «Серпін» бойынша оңтүстіктен келген талапкерлерді оқуға қабылдаушы білім ордалары арасында біз жылда алғашқы орындарды иеленіп келеміз. Былтыр 450 адам қабылдасак, биыл 266 студент алдық. Осы нәтижемен алғашқы орындамыз», — деп атап өтті.

Жоғары оқу орнынан басқа облыс колледждерінде атаулы бағдарламамен биыл тағы 176 студент бітірген. Оның 89-ы жұмысқа орналасқан, алайда тек 9-ы ғана біздің өңірді тұрақтап қалыпты. «Арқа жайлы болса, арқар ауып несі бар?» деуші еді. «Серпінмен» келіп, елдің серпініне қарқын қосамын деген жастар неге терістікті тұрақтамай отыр? Неге жұмыс тауып, пәтермен қамтамасыз етіп, жағдай жасап бермейміз?

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

QOŪŪAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Оқшай ой

БІЗГЕ КЕРЕГІ – БІЛІКТІ МАМАН

Білікті, сапалы кадр даярлау мәселесі қай кезде де басымдық беретін бағыттардың маңыздысы екені белгілі. Өйткені бәсекеге қабілетті болу дегеніміздің өзі – дана Абай көксеген толық адамды қалыптастыру, оның санасын Елбасы міндеттеген рухани жаңғыру арқылы жетілдіріп отыру және Мемлекет басшысы өзінің халыққа Жолдауында айқындағандай, еңбек нарығында сұранысқа ие, білікті мамандарды даярлауды бастау болса керек.

Соның ішінде ұлттық өнерімізді сапалы мамандармен қамтамасыз ету, олардың білім алу жүйесін қайта қарап, әлемдік стандарттарға сәйкес дамыту деп білеміз. Егер бізде Еуропаның өнер саласындағы үздік педагогикасы мен практикасы толығынан тұғыр етіп алынса, онда осы жүйеде білім-ғылым-технологиялық жаңғыру жүзеге асар еді. Мәселен, өнер білім ордаларын тәмамдау кезінде болашақ композиторлар, аспаптарда ойнайтындар және орындаушылар үшін теория жөнінде жазылатын 100–130 беттік диплом жұмысының орнына өздігінен, өз жанынан шығарма жазуына (шығаруына) немесе бірнеше музыка аспабында әйгілі шығармаларды орындау шеберліктерін көрсетуіне, яғни өздерінің дайын маман екендіктерін дәлелдеуге мүмкіндік туады.

Сонымен бірге Президенттің халыққа Жолдауында елдің дамуының басты тетігі болып табылатын ғылым саласын дамыту туралы да айтылды. Ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңызды көзі – ірі кәсіпорындардың, әсіресе, шикізат саласындағы компаниялардың қаражаты, яғни тапқан табыстың 1 пайызын ғылым мен технологияны дамытуға беру туралы қолданыстағы норма талаптары сақталмай отырғандығы сынға алынды. Үкіметке осы қаражатты жинақтау ісін орталықтандыруды және оның бюджет арқылы жалпыұлттық ғылыми басымдыққа сай бөлінуін қамтамасыз етуді тапсырды. Сондықтан ұлттық өнер саласындағы ғылымды жалпыұлттық ғылыми басымдықтар қатарына енгізуді қажет деп санаймыз. Өйткені нақ осы салада үлкен жетістікке жеткен профессионал өнер адамдарының, ғалымдардың әлеуметтік жағдайы, оларға тиесілі еңбекақы, демеуақы денгейі ұлттық өнеріміздің дамуына тежеу болып отырғаны жасырын емес. Оның үстіне, жоғары өнер оқу орындары, консерваторияны бітірген мамандардың статусы (педагог не, артист не) әлі күнге анық айқындалмаған. Ал мұндай шығармашылық, талантты тұлғаларды көтермелеп, қаржылай қолдау ісінде біршама шешімін тапқан көрші мемлекеттердің тәжірибесіне жүгінуге де болар еді. Ғылыми атақ алу немесе дәрежеге жету үшін, тіпті шығармашылық еңбекті тиісінше бағалауды білетін өзге елдерге сабылмауы үшін елімізде өнердің барлық түрін дамуына тиімді жағдай жасауды қолға алатын кез келді деп есептейміз.

Осыған байланысты Үкіметіміз бен тиісті министрліктер еліміздегі жоғары оқу орындарында сапалы кадрлар даярлау ісінде мынадай нақты ұсыныстарды қарастырғаны жөн болар еді:

– Өнер саласындағы ғылымды теориялық, практикалық деп екі бағытта дамыту керек. Мысалы, Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев театр теоретиктері емес, бірақ олардың тәжірибелері ғылым деңгейіне көтере алады, яғни олардың дәрістерін студенттер аудиториясына пайдалануға әбден болады. Осындай жағдай талантты композиторлар мен жеке орындаушыларға да қатысты болса дуалдық жүйе жанданады.

– Өнертану саласындағы ғалымдардың, классикалық және дәстүрлі мектептерді сақтаушы орындаушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту керек. Бұл, әсіресе, жоғары оқу орындарындағы ғалымдар мен ұстаздарға қатысты.

Театр, филармониялардың концерттік саясатында кәсібилік сапаны өсіру керек. Әуесқойлық творчество мен оның насихаты классикалық және дәстүрлі ұлттық өнерден басым болмауы тиіс.

– Ғылыми дәреже беру мен қауымдастырылған лауазым саясатын әлемдік талаптарға сай түбегейлі өзгерту керек. Өнерпаздың ресми дипломы емес, шығармашылығы, сінірген еңбегі, қайраткерлігі бірінші орында тұрғаны жөн. Сондықтан дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127, 128 бұйрықтарына тиісті өзгерістер енгізу – уақыт талабы.

– Қазіргі кездегі ғылыми жобалар мен ізденістер кенестік кезеңдегі әдістеме-талаптардан арыла алмай отыр. Еліміздегі зерттеу институттарында методологияны ұлттық құндылықтарға мейлінше жақындату керек. Ғылыми жаңалықтың тәжірибеге тиімділігі ескерілуі қажет деп ойлаймыз. Сонда ғана рухани жаңғырудың талаптары табиғи болмысымызға сәйкес жүзеге асады. Формализмнен, қағазбастылықтан арылып, ұлттық мәдениетіміздің жетістіктері дүние жүзіне танылатын болады.

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты



Кесел

(Басы 1-бетте)

Мақұл, өз қылықтары өздеріне тұрпайы көрінбесе, ондай тик-токтардың сан түрін түсіре берсін. Бірақ біздің арыс, даналарымызды қорлаудың не қажеті бар?

Бертінде һәкім Абайдың шетелдік әуентге қосылып, басын селкілеткен видеосы осы тик-токтың трендіне шығып кетті. Сұмдық-ай, айтарға сөз жоқ. Басқасын қойып, қазақтың данасы, ұлы Абайдың рухын осылайша мазактау қай тентектің ойына келді екен деген өзекті өртер өкініш талайымызға маз бермеді. Өзге емес, оны жасап отырған өзіміздің қарақөз ұл-қыздар.

«Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылың, Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың» — деп, Абай сол кездің өзінде шынында қазіргі есерлерді сипаттап кеткендей. Әйтпесе, мұндай мазакты ұызға жарымаған, қазақлық бойына дарымаған санасы дімкәс адам істемесе, ұлт ұлылығын сінірген, бабалар аманаты мен мұрасына жауапкершіліктен қарайтын ұрпақтың ондай қадамға бармақ түгілі, ондайды ойлауға дәті бармайды. Желі қолданушылары дереу өшіруін талап еткенмен, аккаунт авторы өз дегенінен қайтпайтынын қадап айтты. Ол бұл әрекетін ұлы ақынның жеке басын қорлау деп түсінбейтінін жеткізіпті. Көзі қаракты қай адамды болсын, бұл жауап сендірмесі анық. Ақталамын деп, көпшілікке датталды.

Артыныша сендерге керегі осы ма дегендей, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов секілді ұлт зиялыларының суреті пайдаланылған тренд-видео легі желіні қайтадан шулатты. Алаш зиялылары аяқ асты ету арқылы сонда нені мансұқ етті деген сұрақ тұяндайды? Қазір тренд күшпен жастар «қара пиар, ол да пиар» деген тәсілді тұмар еткендей. Жұрт неғұрлым теріс пікірді жаудырған сайын, соғұрлым сол бағыттағы әрекетін үзбей, отқа май тамызу арқылы үдей түседі. Тик-ток қолданушысы Толқын Әзімханова бұл жайтқа байланысты өз ойымен бөлісті. Ол: «Әрине, былайша ұлы тұлғаларды қорлауға болмайды. Тик-токтың еркін кеністік екеніне келісемін. Дегенмен әр нәрсенің өз шегі болуы қажет. Мен де соңғы

НЕ ТҮСЕР ҚҰР КҮЛКІДЕН ЖЫРТТЫҢ-ЖЫРТТЫҢ?..



уақытта осы әлеуметтік желіде белсендімін. Бірақ ондай жолмен танымал болуды көздеген емеспін. Сондықтан өзге де тик-ток түсірушілерді осындай жолмен арзан атак қумауға шақырамын», — дейді.

Былтыр тағы бір бойжеткен мобильді қосымшаның көмегімен Төле би мен өзінің түрін ауыстырып, сын астында қалған болатын. Тарихи тұлғаны келемеж етуін оны қорлау емес, өзінің оқырмандарын күлдіру үшін істедім дейді. Күлдіремін деп бүлдіргенін бұл қыз да мойындамайды. Бастысы, бір сурет арқылы хайп жасап, жұрт назарын өзіне аударды. Оның мұндай «креативіне» тандай қаққан денгейлері инстаграмдағы тіркелушілер санын күрт өсіріпті-мыс. Сонда ұлттың ұлы тұлғаларының суреті еріккендердің ермегі болуы керек пе? Басқасы құрып, тек солар арқылы танулы қажет пе? Бұл — қазіргі қоғамның үлкен қасіреті. Хайп күандар, қандай айыпты аркалап жатқандарын жете түсінбейді. Сорақысы сол, оны көріп, біліп отырған ата-аналары «әй» деп тыюдың орнына,

студия өзінің жарнамасы ретінде пайдаланған. Жұртқа жария болған бұл «тығандының» арты осынша шу шығаратынын өздері де болжамаса керек. Бұл жайтқа мәдениет министрлігінің өзі тікелей араласып, авторлар заң аясында жауапқа тартылды. Бірақ бәрібір қара пиардың арқасында ол компания өз атын әйгілей алды. Хайп қуғыштар сол кезде тез танулыдың жолы қазақтың жанды жеріне тиісу екенін жете түсінгендей. Құрманғазы мен Пушкинді қалай келемеждегенін Jas qazaq газетінде біз де жаздық. Ол кезде қазақ қоғамы өре түрегелген. Қазір ондай намыс жок па, қалай? Ресейде Пушкинді қорламақ түгілі, аты-жөнінің бір әрпін қате жазып, әлемжеліге салыныпшы! Сол күні айып аркалап, кешірім сұрайсыз. Ал бізде ше? Бізде жұрттың көре-көре көзі, есті-есті құлағы үйренгендей. Ешнәрсеге селт етпейміз.

Белгілі психолог Айгүл Алтаева тик-токтың торына түскендер туралы ойына бізге былайша өрбітті: «Қазіргі қоғамды алаңдатып отырған ең күрделі мәселенің бірі ол — тик-ток бағдарламасы.

Оны қолданатын адамдарды ауру десек те болады. Мұндай қадамға мұқтаж адамдар баралды. Қазіргі заманда 4 жастан бастап барлық жасөспірім осы қосымшаны қолданып жүр. Бұл ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарап отырғанының кесірі. Психология тұрғысынан келетін болсақ, ол ой-сананың төмендігі, жеке пікірінің жоктығын білдіреді. Мәселен, тик-ток арқылы осындай ұлы адамды қорлайтындардың бойында өзінің «мені» мен көшбасшылық қасиет жоқ. Жұрт маған қараса екен деген жалғыз оймен ғана осындай өрескел әрекетке қызық үшін барады. Олардың айналасында достары аз, назар жетіспейді. Қазіргі жастар не үшін осындай қосымшаға үйір? Өйткені олар ауырдың астымен, желінің үстімен жүргенді қалайды. Өзінің жанын қинап, еңбектенгісі келмейді. Ал тик-ток арқылы оңай жолмен, арзан атакпен олжаға кенелгісі келеді».

Айта берсе, мұндай мысал жетіп артылады. Тіптен қисынсыз қылықтарымен көптің қыжылын тудырғандарды сипаттауға аузын бармайды. О баста әңгіменің «әлқиссасын» бастаған тик-токқа алып АҚШ-тың өзі заң жүзінде тыйым салыпты. Бұл елде Қытайдың әлеуметтік желісінің жұмыс істеуіне қызығуы жоқ. Бәлкім, бізге де осындай желілердің жұмысы мен мазмұнын қадағалап, қажет болса жазалайтын заң мен мекеме қажет шығар? Өйткені осы лекпен кете берсе, Абай бастаған даналарымызды қорлағандардың тағы да қандай қадамға баратынын ойлаудың өзі қорқынышты.

Биыл һәкім Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы. Оны бүкіл ел болып, шама-шарқымызша атап өтіп жатырмыз. Осындай кезде қиялға ерік беріп, ұлы Абай бір сәтке тіріліп, қазіргі қоғамды көрсе, қандай бағасын берер екен деген ойға кетесін. Өзінің суретін қорлап, мазак еткендерге не айтар екен? Қалың елі қазағы, қайран жұрты үшін сол заманда сары уайымға салынып, ақылын айтып, өшпес өлген мен құнды қара сөзін қалдырған ақын заман өзгерсе де, адам өзгермейтінін көріп күрсінетін шығар?..

Аскарбек ҚАЗАНҒАП

«Қазіргі күрделі жағдайда алдымызда тұрған басты міндет – әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалу. Қазір әлем соңғы 100 жыл ішінде болмаған аса күрделі дағдарысты бастан өткеруде. Сарапшылардың айтуынша, жаһандық экономиканы қайта қалпына келтіру үшін кемінде 5 жылға дейін уақыт қажет.

Дейтұрғанмен, болашақта көш бастайтын мемлекеттердің бәсекеге түсу қабілеті дәл осындай дағдарыстар мен іргелі өзгерістер кезінде шындалады.

Қазақстан жаңа әлемде өзінің лайықты орнын алуы тиіс».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл» кезеңі атты биылғы Жолдауында осылай деген еді.

Бұл тұрғыда кәсіпкерлерді қолдап қана қоймай, қорғау үшін үкіметтен бастап Бас прокуратура, жергілікті құқық қорғау органдарына да үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Осы орайда «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының да үлесі көп. Себебі кәсіпкерлікке баулитын да, олардың құқығын қорғайтын да, бизнес-жобаларды сүйемелдейтін де осы мекеме.

«Өңірлерді дамыту жоспары» бағдарламасына сәйкес, еліміздің үшінші мегаполисінде 32 миллиард теңгеге жуық 50 жоба жүзеге асырылмақ. Тағы 30 млрд теңгенің 20 жобасы қарастырылуда. Бұл қазіргідей қиын кезеңде өте жақсы көрсеткіш. Жалпы Шымкентте палатаның жанынан құрылған «Бизнеске арналған үкімет» кеңсесінде «Бір терезе» қағидасының жұмыс істеуі нәтижесінде кәсіпкерлер лоқдауннан ойдағыдай өтіп келеді.

Ал құрылғанына бір жарым жыл болған палата жанындағы жобалық кеңсе немен айналысып жатыр? Аурудың ықтимал екінші, үшінші толқыны болып қалған жағдайда кәсіпкерлер тағы да абдырап қалмай ма? Кәсіпкерлікке қатысты осы және өзге де көкейтесті сауалдарды Шымкент қаласы бойынша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры Нұрлан Қабаштаевқа қойған едік.

Жас қазақ: Нұрлан Орынбасарұлы, дәл қазір ел аумағында «Бизнес бастау» мемлекеттік бағдарламасы бойынша берілетін грант туралы гу-гу әңгіме көп. Биыл грант үлестіргенде қай бағыттарға басымдық беріп жатырсыздар?

Н.Қабаштаев: «Еңбек» бағдарламасының аясында «Жас кәсіпкер», «Бизнес бастау» жобалары осымен екінші жыл республикалық дәрежесі бар қалаларда іске асып келеді. Былтыр біз 4000-нан астам азаматты оқытқан болатынбыз. Оның екі түрі бар. Біріншісі, 555 мың теңгелік қайтарымсыз грант. Екіншісі, «Еңбек» бағдарламасының аясында 6 пайызбен берілетін 20 миллион теңгеге дейінгі қаржыландыру. Биыл қазіргі күнге дейін 2820 адам «Бастау бизнес» бойынша оқудан өтіп, сертификат алды. Оның бірнешеуі микроқаржы ұйымдары және ауыл шаруашылығын қолдау

тұрақты беріп отырмыз. Бұл, ең алдымен, кәсіпкерлерге керек. Мәселен, «Бес жылдың ішінде мектеп жетіспеушілігін жоюымыз керек» деген бағдарлама болса, кәсіпкер соған қатысу мүмкіндігін біле алады. Көп өңірлерде

Нұрлан ҚАБАШТАЕВ, Шымкент қаласы бойынша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры:

«ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – БАСТЫ МІНДЕТ»



қорымен жұмыс жүргізуде. Биыл бұл гранттарды жұмыспен қамту орталығы береді, яғни біздің тікелей құзыретіміз жоқ. Біз тек кәсіпкерлікке оқытамыз. Палата жанындағы өңірлік кеңсеспен бірігіп, кәсіпкерлерге бағыт-бағдар береміз.

Мемлекеттік бағдарламаларға грант саны әрдайым шектелуі. Ал өтінім берушілер жылдан-жылға көбейіп келеді. Грант – байқау легеннің мақсаты да сол, ең үздік жоба өзін көрсетуі керек. Екіншісі біріне беріле берсе, бөйгенің мәнісі қала ма?! Біздің өңірде халық саны көп, кәсіп бастауға ынталы азаматтарды да санап үлгермейсіз. Осыған орай, жылда грант көп беріледі. Алайда барлық адамның көңілінен шығу мүмкін емес. Қайсыбір мемлекеттік бағдарлама болсын, ең басты мақсат – азаматтардың өзін-өзі жұмыспен қамтып, кәсіпкерлікпен айналысуына ықпал ету.

Жас қазақ: Палата жанындағы жобалық кеңсенің жұмысына тоқталсаңыз. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша қанша жобаны мақұлдадыңыздар?

Н.Қабаштаев: Жобалық кеңсе жергілікті өндірушілерге ұзақ мерзімді келісімшарттар беру, мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру және жобаларды іріктеу, сондай-ақ заманауи технологиялар негізінде өндірісті ұйымдастыру бойынша көмек көрсетеді. Бұған қоса, жобалық кеңсе импортты алмастыруды ғана емес, отандық тауар өндірушілердің экспорт нарығына шығуын да көздейді.

Мысал келтірер болсам, мемлекеттің экономикада үлесі өте көп. Инфрақұрылымы ауқымды жобалар жүзеге асуда. Жол, мектеп, аурухана, т.б. Бұның бәрі біздің кәсіпкерлерге сату көзі болып табылады. Әр өңірде 6 сала бойынша белгілі КРА көрсеткіші бар. 9 айдың қорытындысына сәйкес, 6 саланың бесеуі бойынша КРА орындап келе жатқанымызды атап өткіз келеді. Дегенмен түйткілдер де баршылық. Мемлекеттік тапсырыс берушілер отандық емес, шетелдік заттарға өтінім беріп жатады. Әрине, кей тұстарда отандық өнімдер қымбаттау болуы мүмкін. Алайда өзімізді-өзіміз қолдамасақ, отандық нарық ешқашан көтерілмейді.

Бір жарым жыл бойы біз жақсы нәтижелерге қол жеткіздік. Жалпы еліміз бойынша 500 млрд теңгенің жобалары іске асып жатыр. Кейбірі енді мақұлданды. Шымкент қаласы бойынша нақты айтатын болсақ, 32 млрд теңгеге жуық 50 жоба жүзеге аспақ. Тағы 30 млрд теңгеге 20 жоба қарастырылу үстінде. Әр өңірдің «Өңірлерді дамыту жоспары» деген бар. Бұл – бес жылдық жоспар. Ал мемлекеттік бағдарламалардың жоспары өз алдына бөлек. Соның бәрін біріктіріп, нақты көрсеткішке қол жеткізуіміз керек. Қазіргі таңда әр өңір осы жоспарды әзірлеу үстінде. Палата ретінде біз белсенді атсалысудамыз. Қажетті сауалнама, анкеталардың қорытындысын

пайдаланылмаған жерлер мен активтер, ғимараттар бос тұруы мүмкін. Сол ресурстарды кәсіпкерлерге жеткізіп ұсынуға мүмкіндік бар.

Бүгінде жобалық кеңсе «Бизнесің жол картасы», «Еңбек» бағдарламалары бойынша да жұмыс істеуде. Коронавирус пандемиясы кәсіпкерлік саласына кері әсерін тигізді. Әсілі, жобаларға жұмсалған әрбір тиын мемлекетке салық не әлеуметтік төлем түрінде қайтатынына көзіміз жетуі тиіс. Қаншама жылдардан бергі көптеген мемлекеттік бағдарламалардың табысын 4-5 айлық карантин кезінде жоғалтып алдық. Біраз өңірлерде қысқару көп. Қаламызда да шағын және орта бизнес саласындағы көптеген азаматтар жұмыссыз қалды. Екінші жағынан, жаңа жобалардың саны артауда. Ұғынықты болу үшін, Шымкенттің сауда нарығының өте үлкен екенін айтуымыз қажет. Мыңдаған адам базарларда жұмыс істейді. Бізде басқа өңірлерге қарағанда шағын және орта бизнес өкілдері көбейіп келеді. Жалпы айтқанда, жобалық кеңсенің жұмысы осындай.

Жас қазақ: Коронадағдарыс кезінде мақұлданған тәуекелшіл 50 жобаның біреуінің айта аласыз ба? Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметі бойынша, елімізде жыл басынан бері мақұлдануға тиіс 160 жобаның 4-еуі ғана іске асыпты. Ал бір ғана Шымкентте – 51 жоба. Көзсіз тәуекел ғой...

Н.Қабаштаев: Оның бәрі былтырдан бері мақұлданған жобалар. 4-5 ай карантин кезінде жұмыс тоқтап қалды. Бұл кезеңде банктер де, инвесторлар да қаржы құюға тәуекел ете алмады. Биыл 50 жобаның 10-ы ғана іске асты. Былтыр 7 жоба жүзеге асырылады деп банктер мақұлдама алып тұрған жерінен кейінге шегерілді. Әлде де карантин шектеулері ақырындап алынып жатыр. Банктер карантин кезінде тек кейінге шегерумен айналысып отырды. Жаңа жобаларды қарастыруға олардың мүмкіндіктері болмады. Қазір бұл бағыттағы жұмыс қайта жанданып жатыр. Жобалық банктермен бірігіп жұмыс істеу құзыретіміз бар. Екі айда бір рет банктердің директорларын шақырып, барлық мәселені талқылаймыз. Қай жоба қиындау болып жатыр, қай банкте төмен көрсеткіштер бар, қайсысы өте белсенді, соны анықтап, сараптама жасаймыз. Көп нәрсе банктерге байланысты. Сондықтан қаржыгерлермен қоян-қолтық жұмыс істейміз. Олардың кәсіпкерлердің жұбасын мақұлдауы бізге өте маңызды.

Сүйемелденген жобалар күнделікті қолданыстағы заттарды импортпен алмастыратын тамақ, жиһаз, жеңіл өнеркәсібі саласын қамтиды. 7 млн мен 24 млрд теңгеге дейінгі жобалар бар. Бұрын-соңды өндірілмеген сағыз, алюминий банктерін, шыны ылдыстар шығаратын зауыттарды айрықша атап айтуға болады.

Жас қазақ: Өзінің «Шымкентте жасалған» бренді бар отандық өнімді тұтынассыз ба?
Н.Қабаштаев: Біздің әрқайсымыз елімізде не өңірімізде, қандай өнім шығып жатқанын білуіміз керек. Бір сөзбен, патриот болуымыз керек. Мәселен, өз басым супермаркетке барғанда, өзімізде өндірілетін «Шымкент сүт», «Шымкент құс» фирмаларының өнімдерін аламын. Біздегі киім-кешектің де сапасы ешкімнен қалыспайды. Отандық тігіншілердің қолынан шыққан киімдерім жетерлік. Шымкентте тігілген «LUX Shoes» ЖШС аяқ киімі де өте керемет. Түркияның мақтаулы аяқ киімдерінен кем түспейді.

Жас қазақ: Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «кәсіпкерлер заңсыз тексерістен арылсын, құқығы қорғалсын» деді. Кәсіпкерлер палатасы құрылған күнінен бастап кәсіпкерлердің құқығын қорғауды назардан

болатынын да ешкім деп басып айта алмайды. Дегенмен қандай жоспарларыңыз бар?

Н.Қабаштаев: Құдайға шүкір, қазір карантиннен ақырындап шығып жатырмыз ғой. Дейтұрғанмен, тағы да карантин енгізілу қаупі бар. Дүние жүзі бойынша әлі нақты бір вакцина ойлап табылмады. Сондықтан ешкім ешнәрсе болмай алмайды. Карантин кезінде көптеген азаматтар жұмыссыз қалды. Бұл мақсатта жаңа жобаларды ашумен бірге арзан ақша көздерін табуымыз керек. Микроқаржы ұйымын ашу қарастырылған болатын. Биыл карантиннің кесірінен оны ашып үлгермедік. Банктерден бөлек, микроқаржы ұйымдарының жұмысын жандандырамыз деп ойлаймын. Көп өңірлерде мұндай ұйымдар өте жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуде. Арзан пайызбен кішігірім несиелердің қайтарымы да тез болады. «Нишалық жобалар» деген



Мәселен, өз басым супермаркетке барғанда, өзімізде өндірілетін «Шымкент сүт», «Шымкент құс» фирмаларының өнімдерін аламын. Біздегі киім-кешектің де сапасы ешкімнен қалыспайды. Отандық тігіншілердің қолынан шыққан киімдерім жетерлік. Шымкентте тігілген «LUX Shoes» ЖШС аяқ киімі де өте керемет. Түркияның мақтаулы аяқ киімдерінен кем түспейді.

ұсыныс бергенбіз. Бұның бәрінің мақсаты – жұмыспен қамтамасыз ету. Жұмыспен қамтамасыз етілмесе, экономикамыз бен халықтың әл-ауқаты қиындай береді. Одан

тыс қалдырған емес. Енді осы мәселеге тоқталайықшы.

Н.Қабаштаев: Шынтұайтында, кәсіпкерлер күнделікті көптеген әкімшілік кедергілерге, бюрократияға тап болып жатады. Кейде оларды заңсыз әрекеттерге мәжбүрлеу орын алады. Дұрыс айтасыз, палата жұмысының басты қағидаты да осы кәсіпкерлердің құқығын қорғау. Осы жылдың 8 айының ішінде жергілікті кәсіпкерлер 3,8 млрд теңге үнемдеді. Оларға мемлекеттік қызметкерлердің қателігімен салынған заңсыз өсімпұл, айыппұлдар алынып, кәсіпкерлердің құқығы заңға сәйкес қорғалды. Мәселен, білім, денсаулық сақтау, сәулет және құрылыс саласындағыларға сөгіс беріліп жатады. Оларды жоймай, кәсіпкерлікті қолдауға жұмсалып жатқан қаражат ойдағыдай нәтиже бермейді. Бұл мақсатта нақты ұсыныстар беріп, жұмысты күшейту керек. Ең басты жақтасымыз – прокуратура. Кәсіпкерлердің құқығын қорғаудан бұрын соған жеткізбейтін орта қалыптастыруымыз керек.

Әкімдіктің қолдауымен «Бизнеске арналған үкімет» кеңсесі құрылып, «Бір терезе» қағидасымен Фронт-офис ашқанбыз. Мұнда да кәсіпкерлерге кеңес беру үшін бірнеше мекеме отыр. Қаржылай емес қызмет көрсету бойынша 12 адам, «Shymkent ӘКК» АҚ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, «Kazakh Invest» ҰҚ» АҚ бар, бәріміз бір терезеден ашық түрде қызмет

кейін карантинге әрқашан дайын болуымыз керек. Бірінші рет жабылғанда бәріміз не істерімізді білмей қалдық. Бірде өндіріске рұқсат берілсе, кейіннен шағын және орта бизнеске қатан шектеулер қойылды. Екінші карантинде де өте бейберекет болды. Санитарлық сала мамандары оларға айыппұл салды, ал рұқсат берілген кәсіпкер жұмысын бастамай отырды. Осындай оқиғалардың орнын толтыру үшін InfoKazakhstan деген платформа ұсынылған болатын. Бұл – статистика комитетімен мәліметтер базасы біріктірілген. онлайн қызмет. Кез келген адам ЭЦК-мен кіріп, өз саласына рұқсат етілген, етілмегенін, басқа да барлық жаңалықтарды біле алады. Жабық тұрған бизнес нысандары ашылу үшін осы портал арқылы ережелерімен танысуы тиіс. Егер саланың өзіне қатысты санитарлық нормалары бар. Егер сол саясатты шараларын қабылдаса, сәйкестік сертификаты шығады. Соны өзінің нысанына іліп қояды. Бұл келушілерге сенімділік ұялатады. Мәселен, қазір мейрамханаға тамақтануға барғыныз келсе, міндетті түрде сондай заңнамалық құжаттарға мән беретініңіз анық. Бәрі де денсаулық үшін. Аталған порталға 14500 азамат тіркелді. Тіркелу үдерісі ары қарай да жалғаса береді. Карантин енгізілген жағдайда, алдыңғы кезеңдерге қарағанда, кәсіпкерлер

Грант – байқау дегеннің мақсаты да сол, ең үздік жоба өзін көрсетуі керек. Екіншісі біріне беріле берсе, бөйгенің мәнісі қала ма?! Біздің өңірде халық саны көп, кәсіп бастауға ынталы азаматтарды да санап үлгермейсіз. Осыған орай, жылда грант көп беріледі. Алайда барлық адамның көңілінен шығу мүмкін емес. Қайсыбір мемлекеттік бағдарлама болсын, ең басты мақсат – азаматтардың өзін-өзі жұмыспен қамтып, кәсіпкерлікпен айналысуына ықпал ету.

дайын деп айта аламыз. Әлгі порталда ұсыныс беру функциясы іске қосылған. Көп азаматтар «нәліктен кәсіпкерлерді ғана қорғай береміз, тұтынушылардың құқығын неге қорғаймыз?» деп сұрақ қойып жатады. Дұрыс сауал. Порталда тұтынушының да арыз-шағымның қалдыратын қызметі бар. Кез келген бизнес нысанына барып, ол жердің санитарлық нормасына көңіліңіз толмаса, сол жерде тұрып-ақ мекенжайын жазып, сол мекеменің үстінен шағым жазсаныз болады. Осылайша кәсіпкерлер де, азаматтар да әлеуметтік жауапкершілігін арттыруы тиіс. Жапония мен Кореяда 20 жылдан бері бетперде киіп, қолғаппен жүреді. Біз бұған енді келіп жатырмыз. Мұның бәрі кәсіпкерлікті тежеу үшін емес, азаматтардың денсаулығын сақтау үшін. Таразының бір жағында экономикамыз, екінші жағында азаматтардың денсаулығы. Біреуін қорғаймыз деп екіншісін әлсіретіп алмауымыз керек. Екеуінің ортасындағы алтын көпір болуға тиіспіз. Тепе-теңдікті сақтау үшін екі тарапты да түсіну керек. Жауапкершілік екі тарапта да болуы керек.

көрсетеміз. Енді VPN каналдарды қосып, ХККО көрсететін қызметтерді осы жерден алатындай етсек дейміз.

Негізі іс бастағысы келген әр кәсіпкер 54 қызмет түрін алады. Басты мақсатымыз – кедергілерді жойып, сапалы әрі жылдам қызмет көрсету.

Жас қазақ: Карантин басталғанда, кәсіпкерлер не істерін білмей абдырап қалды. Алда не

Сұхбаттасқан
Мөлідр КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент



– Құлагердің тағдырын қайталасын деген шығар, мені Құдай Құлагерге байлағалы жиырма жылға жуықтап қалды. Көк үйлердің бірінен табасың. Балконнан қарап тұрамын. Жеткеніңде хабарлас, – деді Жөркен ағам. Ақын Жөркен Бөдешті айтып отырмын. Бір күн бұрын сұхбатқа келіскенбіз. Айтқан уақытыңда жеттім. Балконда күтуге шыдамы жетпеді ме екен, есік алдына шығып алыпты.

– Аяғым бастырмайды. Бірақ демеп жіберсең, шауып кетемін, – деп қолын созды. – Таяққа сүйеніп жүрмедіңіз бе? – деп ақынды қолтықтадым. – Жоқ, ғұмыр бойы өлеңге сүйеніп өмір сүрдім. Енді таяққа сүйенгенім жарамас. Күлдім. – Сен күлесің. Менің көзімнен жас тоқтамайды, – деп жан қалтасынан шыт алып көзін сүртті. – Неге тоқтамайды?

Сұхбатымыз осылай басталып кетті.

Ж.Бөдеш: Е, көздің жасы саркылмайды екен. Бұл сағыныштың, мұң-қайғының көз жасы. Не көзден, не сөзден шығады екен ғой, бұл бәле.

Jas qazaq: Жәйірдің сағынышы ма?

Ж.Бөдеш: Иә, сол Жәйірдің сағынышы ғой таусылмайтын. Жәйірді, туған жерімді сағынамын.

Jas qazaq: Соңғы рет қай жылы бардыңыз?

Ж.Бөдеш: Ой, біраз жыл болды ғой. Каблеш аға екеуміз бірге бардық. Сексенінші жылдардың басы болу керек.

Бізді Алакөлге алып келді. Туыстары барларын жақындары келіп алып кетті. Ешкімі жоқ Әлімғазы, Айтан үшеуімізді Көкшетауға қой бағуға әкетті.

Қой бағып жүр дегенше,

Ой бағып жүр дегейсің.

Қойны-қоныш өлеңге

Қойма ғып жүр дегейсің,

– деген өлеңімді сол кезде жазғанмын.



Жөркен БӨДЕШ, АҚЫН:

КӨЗІМДІ ЖҰМСАМ ЖӘЙІРДЕМІН, КӨЗІМДІ АШСАМ ЖАЛҒЫЗБЫН

*Санам сары аяздай,
Миым қырау.
Жүрегім мұзға айналған,
Күйім мынау.*

*Ықыластың күйіндей
күңіреніп,
Қолқасына қобыздың
құйылдым-ау.
Мұндайда ошақты үйге
тоқтау бақыт,
Алсайшы отқа аунатып,
Шоққа аунатып.*

Jas qazaq: Өзіңіз жетпісінші жылдардың басында өткен жоксыз ба, бері карай?

Ж.Бөдеш: Иә, 1960 жылдардың соңы мен 70-жылдардың басында өттім ғой. Шекара бұзып, ол жақты шулатып өттік. Айта берсең, сөз көп, қайтесің? Біреулер: «Жұрт 1962 жылы шекара бұзбай өтті. Сен неге 70-жылы шекара бұзып өттің?» дейді. «Неге?» дерің бар ма? Сен де осыны сұрағалы отырсың ғой.

Jas qazaq: 1970 жылдары шекара жабылып қалған уақыт. Кеңес Одағы мен Қытайдың арасы қырғиқабақ. Сондай кезде қалай өтіп жүрсіңдер?

Ж.Бөдеш: Әке-шешем орта дәулетті адамдар еді. Қытай сол бір кезеңде дәулеттілермен алысты ғой. «Мәдениет төңкерісі» деген солшыл күрес жүрді. Ақын-жазушылардың, зиялы қауымның бәрі айдалды. Қашпасак, ұсталатын, түрмеге жабылып, Тарымның құмына айдалатын болдық. Өйткені мен Шыңжаң университетін бітірген адаммын. Қазақстан, туған жер, Отан туралы қытайларға жақпайтын өлең жазып жүргенбіз. Көзге түсе бастағанбыз. Әкем соны сезді. Көп оқыған, зиялы, мектеп директоры болған кісі ғой. Заманның қалай құбылып бара жатқанын білді. Содан маған: «Есін барда елінді тап. Өлеңіне бұл жақтан өріс таппайсың. Ана жаққа бар, сол жақтан ақын боласың» деді. Әкемнің тілін алдым. Үрімжіден оқу бітіріп келіп алғанмын. Ауылда бір газетте тілші болып жұмыс істеп жүрген кезім.

Jas qazaq: Шекарадан кімдермен бірге өттіңіз?

Ж.Бөдеш: Ойбой, кім-кім дерің бар ма? Бес-алты адам қаштық. Ауылдан атпен шыққанбыз. Әкем мені Жабак дейтін кісіге тапсырды. Жабак осы жақта туып-өскен кісі. Жолдың жайын жақсы біледі. Шекараға жеткенде нағашым сыйға берген астымадағы атым артына бұрылып кісінеп-кісінеп жіберді. Шекараға жеттік деген белгі. Жабак: «Болды, алдымызда шекара. Енді бұдан ары атпен жүре алмаймыз. Аттардың жүген-ноқтасын басына түріп, үзгенісін қайырып байлап, ер-тоқыммен айдап салыңдар», – деді. Аттарды жібердік. Үйден бірге еріп шыққан көк төбет бар еді. Ол да кетті. Кейін естісек, аттар да, ит те аман-есен ауылға жетіпті. Көк ит үйге жетіп, табалдырыққа иегін артқан күйі жан тапсырыпты.

Бірге өткен жігіттерден тарихшы – Әлімғазы Дәулетхан, Айтан Нүсіпхан болды. Алакөлдін тұсынан өткенбіз. Ол кезде шекарашылар да ет жүректі адамдар еді ғой: «Қорықпаңыздар, біз сіздерді ешқандай қылмыскер деп есептемейміз. Өз елдеріңізге келдіңіздер», – деді.

Jas qazaq: Алматыға қалай келдіңіз?

Ж.Бөдеш: Алматыға келуіме Каблеш Жұмаділовтың көп көмегі тиді. Көкшетауда жүргенде Каблешке хат жаздым. Қабаң мені Жүмекенмен таныстырды. Жүмекен Тахауиға алып барды. Өлеңдерімді оқып бердім. Жүмекен маған жұмыс сұрады. Тахаң өлеңімді тындап болып, азырақ мақтап: «Ертең Қоғалыға картошка теруге бір топ қыз жіберуші едім. Соның бастығы болып бар», – деді. Маған бәрібір емес пе?! Бойдақ адаммын. Қыздарға ердім де кеттім. Жұмысты жақсы істеп, олардан мақтау қағаз алып, Тахауиға әкеп бердім. Ары қарай бәрі қолдап кетті. Мұзафар Әлімбаев алғаш болып өлеңдеріме пікір жазды. Марқұм Оразакын Асқар бастығым болды. Өлеңдерім үлкен газеттерге шыға бастады. Сөйтіп жұрт тани бастады.

Jas qazaq: Әңгімеге кері оралайықшы, Қытайға қайта барғаныңызда әке-шешеніз болды ма? Сіздің ақын болғаныңызды естіді ме екен?

Ж.Бөдеш: Қайта барғанымда әке-шешем болған жоқ, қайтыс болыпты. Ақын болғанымды естіді ғой. Бірақ қашып кеткеннен кейін тірісінде қайта қауыша алмадық. Бұйырмады. Басына барып қара топырақты құшақтап, егіліп жыладым. Ол заманда жұрт Қытайға шақырту арқылы ғана барады. Інім Сәйім шақыру жіберді. Ел-жұртпен кездестік. Әке-шешемнің көзін көрген кісілерді көріп, мауқымызды бастық. Кейін інімнің жалғыз ұлын осында шақырып алғанмын. «Қасымда бол, серік бол, өлгенше қасымда жүр» – дедім. Оған көнбеді. «Әкеме көмектесемін» деп кетіп қалды. Қайтып келмеді. Інім Сәйім де қайтыс болды. Бірге тумак болса да, бірге жүрмек, бірге өлмек жоқ екен. Соған көзім жетті. Әкем Қызырдың тегін жалғаған Сәйімнің сол жалғыз ұлы.

Jas qazaq: Сонда екеңіздің аты Қызыр болды ғой. Бөдеш кім, атаныз ба?

Ж.Бөдеш: Қызыр – әкемнің аты. Бөдеш – әкемнің туған ағасы. Бөдештен ұрпақ болмады. Мені бауырына басып алған ғой. Қазақтың дәстүрі. Тұқымы үзілмесін депті. Бөдештің атын мен жалғадым. Қызырдан бірге туған Сәйім мен бір апайым болды. Екеуі де қайтты. Сәйімнің баласы мен немерелерінен басқа ол жақта да, бұл жақта да аталас ағайыннан ешкімім жоқ. Жалғыз қалдым. Жәйір жалғыз, мен жалғызбын.

Jas qazaq: Өз кіндігіңізден ше?

Ж.Бөдеш: Айбын, Айдар деген екі ұлым бар еді. Айдарым қайтыс болды. Сұлу жігіт еді. Қыздар көп іздейтін. Мырза,

сері болып өсіп келе жатқан. Бүйрегі мен бауырынан ауырып мезгілсіз кетті. Құлайдың ісіне шараң бар ма? Тұңғышым – Айбын.

«Айбынды елде туған соң,

Айбын деп қойдым атыңды» деп өлең жазғаным

сол. Қазір жасы 41-ге келді. Тағдырдың сынағы шығар, келінмен ажырасып кетті. Әлбина, Абылай деген екі немерем бар. Әлбина балетке барып жүр. Абылайым ақылды. Жаңа кітабым шыққанда үйге келіп тұрады. Екеуі де өсіп қалды ғой.

Jas qazaq: Мемлекеттік сыйлыққа түсіп жатқандардың тізімін қарасақ, кейбірінің аты Алматыдан ары аспағандар. Бұл қалай, мемсыйлықтың құнын түсіріп алған жоқпыз ба?

Ж.Бөдеш: Оның құны да түсті, қалірі де қашты. Мемсыйлықтың құны қалай түсті дейсіз ғой? Қазір өлең оқитындар азайды. Әдебиетті түсінетін үлкен адамдар кетіп қалды. Жастардың мұрнына өлең иісі бармайды. Тіпті анау сыйлыққа ұсынылып жатқандардың кейбірінен «Абайдың өлеңін оқып беріңізші» деп сұранышы. Жатқа білмейді. Сызданып тұрып «Абайды кейін оқимыз ғой» деп құтылады. Абайды білмеген ақын мемлекеттік сыйлыққа қалай түседі?

Jas qazaq: Мемлекеттік сыйлыққа екі рет ұсынылдыңыз. Әдеби бәйгеге қатысудан көңіліңіз қалған жоқ па?

Ж.Бөдеш: Бұл бизнес те болды, саясат та болды. Бизнес болатыны – комиссиядағылар қолдарына өткізіп алған соң, кімге беретінін өздері шешеді. Саясат болатыны – қайдан келгеніне, биографиясы мен географиясына қарайды. Бұл сыйлықтан менің көңілім баяғыда қалған. Екі рет бағымды сынадым. Жолым болмады. Тауым шағылды. Өмірде жақсылығын көрген ағаларым көп болды. Бірақ аяғымнан шалғандар да аз емес. «Қытайдан келген» деген бір ауыз сөз тағдырыма қара таңба болып жазылады да тұрады. Қайда жүрсем де көлденеңдеп алдымнан шыға берді. Мемлекеттік сыйлықты ала алмағанымның бір себебі сол ма деп ойлаймын.

Jas qazaq: «Дертіннен кеттім жауыр боп, Жәйірден басқа жауым жоқ» деп өлең жаздыңыз. Туған жеріңізді неге жауға теңедіңіз?

Ж.Бөдеш: Жәйірдің жауым болатыны, күнде түсімнен шықпайды ғой. Көзімді жұмсам Жәйір мазалайды, көзімді ашсам, жалғыздық жейді. Түсімде Жәйірдің тау-тасы, құба-жоны, жора-жолдастарымды көремін. Өнімде ешкім жоқ, жалғызбын. Жәйір – өрісі кен өлке еді. Мандайыма бұйырмады.

«Дертіңнен кеттім жауыр боп,

Жәйірден басқа жауым жоқ» деп жаздым ғой

содан. Сол «жауыма» барып бас ұрдым. Тізерледім. Жәйір болсам, ол сағыныштан жеңілдім. Адам сағынғанда сол ансаған дүниесіне жетіп, мауқын, сағынышын басады екен. Мен олай істей алмадым. Қазір де жете алмай отырмын. Сол сағынышымнан жеңіліп, Жәйір жауым болды. Дертім жауыр болды. Дүниеде кіндік қанын тамаған жерді ансағанда соған жете алмай боздаудан ауыр қасірет жоқ екен. Жәйір туралы өлеңдерім туған жер шекарасынан асып, туған ел, Отан туралы ренге ие болды. Жәйір арқылы күллі қазақ даласын жырладым десем де болады. Бірақ соның бәрі менің сағынышыма дауа бола алған жоқ. Жүрегімнің бір түкпірінде қатқан шемен сол Жәйір.

Jas qazaq: Жөркен аға, қазақ әдебиеті қашанғы өз қазанында қайнай береді? Бізді қашан шетелдіктер сүйсініп оқып, қазақ қаламгерлерін басқа ел таниды?

Ж.Бөдеш: Қазақ әдебиетінің өз сөзі өзінде. Жастар Абайды танымайды, білмейді, оқымайды. Әдебиеттің алтын уықтары – үлкен қаламгерлер кетіп қалды. Қысқасы, әдебиетті түсінетін адам біздің өзіміз жетпістен асып кетті. Жапон деген ел бар, тулақтай аралда өмір сүреді. Солардың ғылым мен техникасы қалай озық болса, әдебиеті де сондай озық. Неге? Олар әдебиетті бірінші

орынға қойды. Өйткені ғылым-білімнің, жаңа техника, жаңа технология дегендерінің атасы әдебиет екенін баяғыда түсінген. Әдебиетпен сусындап өскен адам қай салаға барса да, нәтиже шығара алатынын бұрыннан білді. Әдебиет адамды тәрбиелейді, тәрбиесі жақсы адам ғалым болмай кім болсын? Ал қазақ әдебиетінің насихаты кемшін. Газет-журналдар жамыратып баспайды. Радио-телеарналарында әдеби хабар атымен жоқ. Әдеби жобалар да науқаншыл.

Қазіргі өлең жазып жүрген жастарда ұйқас түгілі, ой жоқ, ой түгілі, логика жоқ. Олар Абайды түсінбейді. Абайды оқымаған адам ақын бола ала ма? Олар үшін өлең саудаға айналып кеткен.

Jas qazaq: Ойыңызда жүрген, айтылмай қалған қандай әңгіме?

Ж.Бөдеш: Анамын мейірімін бағалай алмай жүрміз. Бала күнімізде шешем екеуміз таңертең үйден бірге шығып шөпшек теретінбіз. Үйде ошақ бар. Анам мен теріп әкелген шөпшекті ошаққа салып, үйді жылытып, бір жырағап қалатынбыз. Сондағы аңамның мейірімін анау лапылдап жанып тұрған ошақтағы шөпшектің қызуынан да ыстық еді. Бала көңілімнен соны анық сезінетінмін.

Бізде бір үлкен қасқа сиыр болды. Екі желінінен екі шелек сүт сауамыз. Күнде кешке әлгі қасқа сиыр үйге мөңіреп-аңырап келеді. Шешем шелегін алып шығады. Алдымен маған екі емшегінен екі тамшы тамыздық береді. Содан кейін ғана сиырды сауатын. «Ақтан бірінші болып дәм татсан, жасың ұзақ болады» дейтін. Анамын мейірімі деген сол.

Бір жылы қасқа сиыр бұзаулады. Апам марқұм шөпшек теріп жүріп әлі аяқтанбаған бұзаудың жілігінен басып кетіпті. Аяғы буынынан шығып кеткен. Орнынан тұра алмайды. Сиырдың көзінен жас ағып, адамша жылап тұр. Содан апам Біржан деген сынықшыны үйге шақырды. Ет асып беріп, бұзаудың аяғын салдырды. Үйдің бұрышынан үйшік жасап, бұзауды соған қамап қойдық. Жасым жетпістен асса да, бала кезімдегі сол оқиға есіме жиі түсе береді. Апамды да түсімде көремін. Өмірде саркылмайтын бір дүние болса, ол сағыныш екен. Менің өмірім сағынышпен басталып, сағынышпен өтіп жатыр.

Jas qazaq: Жөркен аға, аман болыңыз! Бөтен емес, бірге туғандардың өзі бірін-бірі сағынбайтын заманда сіздің сағынышпен өмір сүргеніңіз қандай жақсы!

Өмірдің өзінен

Бүгінгі кейіпкерлеріміз – тағдырдың сан сынағына ұшыраған көпбалалы аналар. Өмірінің қиын кезеңінде Алматыдағы «Бақытты отбасы» орталығына келіп, есін жиып, өмірге қайта «келген» жандар. Аналарымызға осынша жігер берген орталықты көзімізбен көргіміз келіп, Алматы қаласы Алатау ауданында орналасқан «Бақытты отбасы» орталығының есігін аштық.

Ең алдымен, орталықтың жұмысын түсіндіре кетейік. «Бақытты отбасының» негізгі мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету, қолдау білдіру әртүрлі сала бойынша кеңес беру болып табылады.

көрсетіледі. Біз барған сәтте нәзік жандыларға арналған «Төзім» тренингі өтіп жатыр екен. Арнайы мамандар әйелдерге өзін-өзі қорғау, қиын сәттерде өздерін қалай ұстау керек деген тақырыпта ақыл-кеңес ұсынды. «Бақытты отбасы» кеңсесінде шағын тігін бөлмесі, тіл үйірмесі, сән салоны мамандарын даярлау бөлмесі, балалардың шығармашылығына арналған бөлме бар. Әр бөлме қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Бұл орталыққа кәсіп үйреніп әрі қарай өз бизнесін ашуға мүмкіндіктің барлығы қарастырылған.

Ақмарал Бәсірова орталыққа келген аналардың көбі белгілі бір кәсіпті менгеріп, әрі қарай жұмысын бастап кететіндерін қуанышпен жеткізді. «Барлығы ананың өзіне байланысты. Біз орталыққа келген әрбір



«Бақытты отбасы» орталығы болғаннан кейін, мұнда келген әрбір нәзік жанды бақытты болғысы келеді. Біз орталықтан өз орнын тауып, тағдырының қиындығына қарамастан, бәрін жөніп, қорқынышты сәттерін артқа қалдырған аналарды әңгімеге тарттық. Өзін Айнұр Сақыпкереева деп

керек» деген хабарлама ілініп тұратын. Ақмарал апайға өтініш айтып, ең алдымен орталыққа еден жуушы болып орналастым», — деп көрген қиындығын жайып салды. Айнұр «Бақытты отбасына» келгенін ең дұрыс шешім деп санайды. Өйткені ол өмірінің қиын сәтінде жан-жақты қолдаудың арқасында өтті. Қиындықты еңсеріп білді. Пандемия кезінде жұмыла жұмыс істеуде сенімділік көрсетіп, өзі сияқты тағдырдың сынына ұшыраған аналарға қолдау көрсете білді. Бүгінде ол орталықтың әлеуметтік қызметкері. Әр түрлі жағдайға тап болған аналарға кеңес береді. Өз басынан өткен оқиғасын басқаларға айтады.

Айнұр: «Бақытты отбасына» келген әрбір жан еңсесін биік ұстап, бақытты болып жүруі керек» деген ұранды берік ұстанамын. Орталыққа келген әрбір адамның сөзі шын-өтірік екенін бірден байқаймын», — дейді. «Бізге келіп, тек ақшалай көмек алғысы келетін әйелдер бар. Менің ойымша, мәселе материалдық жағдайда емес. Ең бастысы, жылы сөз. Адамға айтылған бір жылы сөздің өзі үлкен өзгеріске әкелетінін түсіндім. Осыны да барлық нәзік жандыларға түсіндіргім келеді. Өкінішке қарай, өтірік жылап келетін аналар да бар. Қазір оларды өзім де ажырата алатын болдым. Шын мұқтаж адам бірден «бер» демейді. Ол сұрауға

кысылады, ұялады. Бүгежектеп ыңғайсызданып тұрады», — дейді.

Айнұр орталыққа келген аналарға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын. Ол бізге сұхбат бергеннен кейін, кенесге алғаш келген келіншекке анкетаны қалай толтыруды, қай жерді белгілеуді түсіндіруге кірісіп кетті.

Біздің келесі кейіпкеріміздің есімі — Мейрамгүл Сейітбекова. Бес баланың анасы. Орталықта еден жуушы болып жұмыс істейді. Мейрамгүл «Бақытты отбасына» келген күнін былай деп есіне алды: «Мен осыдан бір жыл бұрын бұл орталыққа жұмыс іздеп келдім. Бес қызды тәрбиелеп отырған анамын. Тараз өңірінің тумасымын. Алматыға көшіп келгенімізге 15 жылдай уақыт болды. Он жылдан астам уақыт көпбалалы ана ретінде үй кезегінде тұрдым. Осы орталыққа келгеннен кейін құжаттарым реттеліп, кезегім келіп «Саялы» ықшамауданынан үйлі болдым. Енді бес баламмен аядай бөлмеде тұрмаймыз. Өзіміздің кен үйіміз бар», — деді қуанышын жасыра алмай.

Мейрамгүл қолдау іздеп келген жандар ең алдымен шынайы болса екен дейді. «Бұл орталық туралы білмейтін көпбалалы аналар, мұқтаж жандар бар. Оларды кездестірген кезде осындай орталықтың бар екенін қуана айтамын. Өйткені көбі хабарсыз. Мұнда неше түрлі кәсіпті үйрететін тегін курстар бар. Өзім сияқты көпбалалы аналар келіп, кәсібін үйреніп, өмірден өз орындарын тапса екен деген тілегім бар», — дейді. Мейрамгүлдің қыздары да қазір орталықтағы ағылшын тілі мен өнер курстарына қатысып жүр. «Орталық беретін мүмкіндікті кез келген ана қалдесіне жаратса екен» деген тілегін де айтып қалды.

«Бақытты отбасы» орталығының есігі «кәсіп үйренемін, еңбектен қашпаймын» деген, жұмысқа шынымен де мұқтаж жандарға айқара ашық. Ол үшін орталыққа келіп, анкета толтырып, үйренгісі келген кәсіпті белгілеу керек. Әрі қарайғы нәтиже әркімнің өз қолында.

Мақпал
НОҒАЙБАЕВА

ТАУЫ ШАҒЫЛСА ДА, РУХЫ СЫНБАҒАН

Біз орталық жетекшісі Ақмарал Бәсіровадан өзі басқарып отырған ұйымның тыныс-тіршілігін әңгімелеп беруін өтіндік. Ол: «Бақытты отбасы» орталығы былтырғы жылдың тамыз айынан бастап жұмыс істеп келеді. Бүгінде біздің базада 9 мың нәзік жанды тіркелген. Оның ішінде жалғызбасты, көпбалалы, мүгедек балаларын асырап отырған аналар бар. Олардың тағдыры сан түрлі. Орталық жұмыс істегелі бері 5 мыңға жуық әйел әртүрлі курсты аяқтады. Бізде 22 тегін курс бар. Оның 10-ы балаларға, қалғаны әйелдерге арналады. Атап айтсақ, тігін, шаштараз, маникюр, кондитер сынды мамандықтар. Орталық жұмыспен қамту бөлімімен тікелей жұмыс істейді. Бізге келген аналар тегін курстан өтіп, арнайы стипендия алып, курс соңында өз бизнесін жандандыруға арнайы 500 мың тенгеге дейін грант ала алады», — деп түсіндірді.

Орталықта тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген әйелдерге психологиялық қолдау

жанға көмек қолын созуға ұмтыламыз. Қолына қармақ ұстатамыз. Өкінішке қарай, дайын аска тік қасық болып, жұмыс істегісі келмей, тек үкіметтен көмек ала



Ақмарал Бәсірова



Айнұр Сақыпкереева



Мейрамгүл Сейітбекова

таныстырған көпбалалы ана «Орталыққа амалым таусылып, жаяу келген адаммын», — деп әңгімесін бастады.

«Ол кезең өмірімдегі ең қорқынышты сәт еді. Анам алты жылдай қатерлі ісікпен ауырып, дүниеден өтті. Ол кісі өмірден озғаннан кейін тығырыққа тірелдім. Алты баламмен тұрып жатқан үйіміз бір сәтте өртеніп кетті. Есенгіреп қалдым. Сол сәтте бәрін тастадым. Жұмысымыз да тастадым. Пәтерарқымды төлей алмай, қарыз ақша алғанмын. Ол да өсіп жатты. Өстіп сан түрлі ойдың жетегінде жүрген кезімде «Бақытты отбасы» орталығына келдім. Ол кезде орталық «Көк базар» жанындағы Зенков көшесінде орналасқан болатын. Ақмарал мен Ардақ апай менің әңгімемен естігеннен кейін жан-жақты қолдау көрсетті. Маған кепіл болып, қарызымды жауып, құжаттарымды қайтаруыма көмектесті. Қызым бірінші сыныпқа сегіз жасында барды. Өйткені құжаттарым болмады. Орталықтың сыртқы есігінде «еден жуушы

бергісі келетін аналар да бар. Біз ұсынған жұмысты істегісі келмейді. Онай жолмен ақша тапқысы келеді. Атаулы әлеуметтік көмекпен ғана өмір сүріп, жұмыс істемей үйінде отыратын еркектер де кездеседі. Орталық жұмысқа шынымен мұқтаж, отбасын асырауға бар күш-жігерін аямайтын аналарға қолдау көрсетеді», — деді ол ағынан жарылып.



ҮШ анық



Алматыда көшеде кішкентай баласымен қайыр сұрап отырған келіншек бірнеше жылдан бері құжатсыз жүрген.

Алмалы аудандық көші-қон полициясы оның кім екенін анықтады. Полиция мәліметінше, Гүлмира Жәмиева Өзбекстаннан 2013 жылы келген. Содан бері ешқайда тіркелмепті. Күйеуінің де көші-қон заңын өрескел бұзғаны анықталды. Ол 2012 жылы елімізге жұмыс істеуге келіп, қалып қойған. Енді құзырлы органдар бұл отбасын заң аясында жауапқа тартады.



Түркістанда халықты «мүгедектікке шығарып беремін» деп алдаған әйел ұсталды.

Келіншек уәдесінің ақысына 110 мың теңге алып, ізін суытыпты. Түркістан қалалық полициясы хабарлағандай, жергілікті тұрғын алаяқ әйелдің үстінен арыз түсірген. Тергеу-тексеру нәтижесінде күдікті ұсталды. Ол осы қаланың бұрын сотты болған тұрғыны екен. Қазір аталған оқиға бойынша тергеу амалдары жүргізілуде.

Ақтөбеде жұртты жылдам баюға шақырған «Q-net» қаржы пирамидасына қатысты тергеу басталды.

Аталған компания адамдарды түрлі зергерлік бұйымдар, сондай-ақ шетелге тегін саяхат пен құны шамамен 2000 доллар болатын тұрмыстық тауарларды сатып алуға мәжбүрлеген. Ал пайда табу үшін өзімен бірге тағы 2 адамды тіркеуді міндеттепті. «Q-net» компаниясы жана клиенттерді тарту мақсатында әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда белсенді жарнама жүргізген. Ақтөбе облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті «Q-net» компаниясына қатысты тексеру басталғанын мәлімдеді.



Дайындаған Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Ақтандақ

Тарихи тұлғалардың алғашқы кезде қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығына баса мән беріп, көп жағдайда олардың отбасылық жағдайын кейінгі кезекке қалдыра береміз. Кейде тіпті ұмыт қалдырып та жатамыз. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтан шыққан алғашқы кәсіпқой дипломат, жалынды көсемсөзші, ұлттық баспа ісін ұйымдастырушылардың бірі – Нәзір Төрешұлының отбасылық жағдайы туралы да көп айтылып, жазыла бермейді. Оның себебі әр түрлі. Ең бастысы, деректердің тапшылығы ғана емес...

Орыстың мықты шығармашыл тұлғасы, жазушы Василий Шукшиннің «Адам туралы үш нәрсені білу керек: ол қалай дүниеге келді, қалай үйленді, қалай дүниеден өтті» деп айтқаны бар. Адам психологиясына барынша терең үйіліп, оның тағдырына бей-жай қарай алмайтын суреткердің осы сөз арқылы айтары не?

Біздің пайымымызда, адам өмірінің басты мәні – таңдау еркі болса керек. Дүние есігін қалай, қай уақытта, қай жерде ашасың деп саған таңдау жасатпайды. Өлім де сол сияқты, қайда, қашан, қай жерде ақтық демің таусылатындығын да сенің таңдауына бермейді. Осы екі аралықтағы сенің таңдауларыңның ең бастысы – өмірлік жарынды таңдауға келіп саяды. Жазушының бұл таңдауға баса мән беруі адам тағдырында саналы түрде жасалатын қадам болғандығынан деп білеміз. Адамның үйленуінің түрткісі тұлғалық-психологиялық тұрғыда тұрмыстық, әлеуметтік, ментальдық, діни, тіпті саяси факторларға байланысты түрленіп отыратындығында дау жоқ. Бұл жердегі мәселе таңдау еркіне қатысты.

Нәзірдің алғашқы жары Мәриям Ахметжанқызы Төрешұлова еді. Екеуінің отбасында Фарух есімді ұл, Әнел есімді қыз бала дүниеге келді. Фарух жастай шетінеп кеткен. Ал Әнел 1925 жылы туған. Әнелдің естеліктерінде әкесі Нәзір мен анасы Мәриям Ахметжанқызы



НӘЗІРДІ 1924 ЖЫЛЫ ТҮРКІСТАННЫҢ ОРТАЛЫҚ БИЛІГІНЕ БАСШЫЛЫҚҚА ШАҚЫРҒАН РЕСМИ СУРАНЫСҚА ДА, 1924 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАШАСЫНДА СҰЛТАНБЕК ҚОЖАНОВТЫҢ ҚАЗАҚ ӨЛКЕЛІК ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ ХАТШЫСЫ РЕТІНДЕ СТАЛИННІҢ АТЫНА ТӨРЕҚҰЛОВТЫ ҚАЗАҚСТАНҒА АҒАРТУ ХАЛКОМЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖІБЕРУДІ СУРАП ЖАЗҒАН ХАТЫНА ДА, ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ТАРАПЫНАН ЕШҚАНДАЙ ЖАУАП БЕРІЛМЕУІНІҢ СЫРЫ ОСЫНДА ЕДІ. ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕ ШЕКТЕУЛІ БОЛСА ДА, САЯСИ ЕРКІНДІГІН САҚТАЙ АЛҒАН ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ МӘСКЕУГЕ «БІЛІМІН КӨТЕРУ, САЯСИ ТӘЖІРІБЕ ЖИНАҚТАУ» МАҚСАТЫНДА ШАҚЫРЫП АЛЫНҒАННАН КЕЙІНГІ ТАҒДЫРЫ ТОРДАҒЫ ТОТЫҚҰСТАЙ БОЛҒАНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС.

одақтық деңгейдегі білік құрылымдарына тарту деген саясаты ұлы орыс шовинизмінің шырғауынан шығармай, олардың ұлықтаған ұлттық құндылықтарын таптық, пролетарлық құндылықтармен алмастыруды көзделді. Қандай да болсын қызметке тағайындалуы өз елінің ортасында жүргендейді халықтың немесе

бірге ізін аңдыған тыңшысын да таңдап берген сынайлы.

Нәзірдің өмірінде Нинадан бірді-екілі фотодан өзге із қалмады. Олардың некесінен бала да болған жоқ. Нәзір «халық жауы» атанып, атылып кеткеннен Нина және оның туыстары халық жауының әйелі, туысы ретінде қуғындалмады. Оның өмірбаяны жөнінде ешқандай дерек кездеспейді. Бейне жұмбақ жан сияқты.

Ал Мәриямның орны бөлек. Ол Нәзір шетелде қызметте жүрген кезінде Фомин дегенге тұрмысқа шыққан. Ол да үлкен террордың кезінде қуғындалған. Әнелді жалғыз өзі жетілдірген Мәриям Ахметжанқызы күйеуінің не үшін қуғындалғанын біле алмаған күйі 1953 жылы өмірден озды.

Шымкентте Нәзір Төрешұлов қоры ашылғанда, оның төрағасы қызметіндегі Ыбырай Ысмайылов Әнелді жиырма жылға жуық іздестірген еді. Бір қызығы, Мәскеуден табылған Әнелдің дерегін ұшығы Сауд Арабиясынан шығады. Саудия министрлігінде шейхтің тәрбиеленушілерінің бірі, доктор Мәжит Әт-Түркідің көмегімен Төрешұловтан кейін



ӘНЕЛ НӘЗІРҚЫЗЫ «МЕН ҮШ ЖАСҚА ТОЛЫСЫММЕН ӘКЕМ БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНЕ ЕЛШІЛІККЕ АТТАНДЫ. БАР БІЛЕТІМІМ – ЕЛГЕ ОРАЛЫП «ХАЛЫҚ ЖАУЫ» ДЕП ҰСТАЛҒАНҒА ДЕЙІНГІ БІР ЖАРЫМ ЖЫЛДАЙ УАҚЫТ ҚАНА. БҰҒАН ДЕЙІН МӘСКЕУГЕ ДЕМАЛЫСҚА КЕЛГЕНДЕ СІРЕК КӨРІП ТҰРАТЫНЫМЫН. РАС, ӘКЕМ ҰСТАЛҒАННАН КЕЙІН, ЕС ТОҚТАТҚАН СОҢ КӨП ОЙЛАНАТЫН БОЛДЫМ. СҰМДЫҚ ТАРТЫМДЫ КІСІ БОЛАТЫН. ӨЗІНЕ ҮЙІРІП АЛАТЫН. ОНЫ ҰМЫТУ ӨСТЕ МҮМКІН ЕМЕС. БІЛІМІ, КІСІЛІГІ ӨЗ АЛДЫНА. АЖАРЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫН, ЖАНАРЫНЫҢ ЖЫЛЫЛЫҒЫН, АДАМҒА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫН АЙТСАҢШЫ» ДЕГЕН ЕСТЕЛІГІН МӘСКЕУГЕ БАРҒАН САПАРЫНДА НӘЗІРТАНУШЫ СӨРСЕНБЕК САХАБАТ ҚАҒАЗҒА ТҮСІРГЕН ЕКЕН.

Сауд Арабиясында елші болып жұмыс істеген Кәрім Хәкімовтың қызы Кәрима арқылы Әнел Нәзірқызы елімен қауышты. Күйеуінің тегімен Көкешовы болып келіпті.

Әнелдің дерегі белгілі болған соң, Ыбырай қажы бастаған туыстары Мәскеуге жиі барып, онымен тығыз араласты. Әнел Нәзірқызы «Мен үш жасқа толысымен әкем Біріккен Араб Әмірлігіне елшілікке аттанды. Бар білетінім – елге оралып «халық жауы» деп ұсталғанға дейінгі бір жарым жылдай уақыт қана. Бұған дейін Мәскеуге демалысқа келгенде сирек көріп тұратынымын. Рас, әкем ұсталғаннан кейін, ес тоқтатқан соң көп ойланатын болдым. Сұмдық тартымды кісі болатын. Өзіне үйіріп алатын. Оны ұмыту өсте мүмкін емес. Білімі, кісілігі өз алдына. Ажарының ашықтығын, жанарының жылбылығын, адамға қайырымдылығын айтаңшы» деген естелігін Мәскеуге барған сапарында Нәзіртанушы Сәрсенбек Сахабат қағазға түсірген екен.

Әнел киын жағдайына қарамастан, жоғары білім алып, 40 жылдай жабық мекемеде зертханашыдан бастап авиациялық материалдар ғылыми-зерттеу институтында бас инженерге дейін қызмет істепті. Тіпті оның есімі Еуропадағы ең үлкен қранға берілген екен. Іздеп барған ағайындарына Әнел апа қолынан келген көмегін жасаған. Қолындағы барлық архивтік құжаттары мен тұтыңған заттарын тапсырды. Ол жәдігер қазір Түркістан қаласындағы Нәзір музейінің экспозициясына сән беріп тұр.

Әнел Нәзірқызы денсаулығына байланысты 2002 жылы Астанада өткен Н.Төрешұловтың 110 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияға қатыса алмады. Бұл Нәзірдің есімін ұлықтаған ең алғашқы ресми жиын еді. 2003 жылы 20 қаңтарда Әнел Нәзірқызы сол кездегі үкімет басшысы Қ.Тоқаевқа ыстық ықыласын білдіре отырып жазған хатында: «Өмірімнің соңына жақындағанда өкпенің туған жеріне жамбасым тигенді армандаймын. Осы өтінішімнің іске асуына ықпал етуіңізді сұраймын» деген екен. Сол жылдың 22 ақпанында қайтыс болып, өз аманаты бойынша Түркістан қаласына жерленді.

Әнел әкесінің отбасына оралуын күтті. Елшіліктен елге оралуын күтті. Бұтырқа тұрмесінен босап шығуын күтті. Саяси тұрғыда ақталуын күтті. Тәуелсіздігі жолында жанын пидә еткен туған елімен қауышуын күтті. Күтумен өткен ғұмыр Әнелдің тәнін туған жеріне табыстады.

Әкесі Нәзір Төрешұловтың өнегесі мен мұрасын еліне табыстады.

Хазретәлі ТҮРСЫН,
тарих ғылымдарының докторы

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ЕЛШІСІ немесе КҮТУМЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР

Қоқан қаласында танысқан екен. Нәзір 1918 жылы мамыр айынан Қоқан қаласында революциялық комитет хатшысы, ағарту бөлімінің менгерушісі, өзбек тіліндегі «Халқ сүзі» газетінің редакторы, ал 1919 ж. қаңтар – 1919 ж. маусым аралығында Ферғана облыстық революциялық комитеті ағарту бөлімінің (Скобелев, қазіргі Ферғана қаласы) менгерушісі болып қызмет істеген. Әнел «Әкеммен алғаш танысқанында ол жетідегі бұла бойжеткен, өзі мұғалім болғандықтан, Ферғана облыстық оқу-ағарту комиссарының бетіне көзін тіктеп қарамақ түгілі, қарасын көргенде бой тасалап қашады екен» деп еске алады.

Нәзір 1919 жылдың қазан айында Ташкент қаласына Түркістан АКСР ұлт істері халық комиссариатында өзбек тіліндегі «Иштракиун» газетінің редакторы қызметіне ауысады. Әзірге олардың үйленуін айғақтайтын ресми құжаттар

комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған Нәзірдің тақиясына бұл лауазым тарлық ететіндігі белгілі. Әйтсе де, партиялық-мемлекеттік номенклатураның тағдырын шешіп отырған БКП (б) Орталық комитетінің секретариаты, оның кадрлы ұйымдастыру, есепке алу және бөліп-тарату бөлімі (Оргучраспредотдел) үшін бұл тағайындаудың тасасында «шет аймақтан келген национал-коммунисті» одан да жоғары жауапты қызметке дайындау мүддесі бұғып жатты.

Партиялық-мемлекеттік номенклатура жүйесінде кадрлық резерв тегігі өте мықты жұмыс жасағаны белгілі. Содан да болар, Нәзірді 1924 жылы Түркістанның орталық билігіне басшылыққа шақырған ресми сұранысқа да, 1924 жылдың қарашасында Сұлтанбек Қожановтың Қазақ өлкелік партия комитетінің хатшысы ретінде Сталиннің атына Төрешұловты Қазақстанға Ағарту халкомы қызметіне жіберуді

өзін ортасының қолдауына емес, сіресең идеологиялық ережелерге сүйеніп, адамдардың ғана емес, тұтас халықтың тағдырын ұсынып ұстаған партиялық биліктің көңіл-күйіне тәуелді болған жағдайда қайдағы саяси еркіндік? Ел билеудің «қамшы мен тоқаш» дегенге саятын ең көне қағидасы сенәттік-партиялық билік жағдайында да өзгерген жоқ, түрленгені болмаса.

Нәзірдің Түркістан өлкесінде партиялық биліктің саясатын қолдағанымен, ел мүддесіне қатысты партиялық ұстанымға қарама-қарсы ойлар айта алғаны, халықты қолдап батыл саяси шешімдер қабылдай алғаны белгілі. Өйткені ол өз елінде, өз жерінде еді. Қысылса, арқа сүйер халқы бар еді! Ал Мәскеуде оның сүйенері партияның Орталық комитеті ғана болып қалды.

Бұндай ұзақ-сонар әңгіменің жар таңдау мәселесіне тікелей қатысы бар ма? Әрине, бар еді.

Ресейдің Федералдық қауіпсіздік қызметі орталық архивінде сақталған «Тұтқынға алыншының» анкетасында» тұтқынға алынған күні, яғни 11 шілде 1937 жылы әйелі, Тропика институты орталығында жұмыс істейтін дәрігер Нина Төрешұлова, оның анасы, үй шаруасындағы Клавдия Салмина, қайынысы автожолдар институтының студенті Павел Салминдердің өзімен бірге тұрғандығы тіркелген.

Нәзірді тұтқынға алу жөніндегі ордерге КСРО ішкі істер халкомының орынбасары, мемлекеттік қауіпсіздік 1-дәрежелі комиссары мен мемлекеттік қауіпсіздік бас басқармасының екінші бөлімінің бастығы қол қойған. Тұтқындау мен тіпуді Симаков деген адам жүргізген.

2019 жылдың наурызында аталған архивте жұмыс істегенде тіпту актісімен, басқа да оперативті сипаттағы құжаттармен танысуымыз мүмкін болмады. Нәзірдің бағалы заттарының қатарында «сары түсті металл монеталармен» бірге бірнеше бума қолжазба, кітаптар, қойын дәптер кәмпескеленген. Қандай қолжазбалары тәркіленгендігі беймәлім болып тұр. Шәріп Байшораның естелігіне қарағанда, Нәзір тұтқындалар алдында тіл мәселесіне байланысты іргелі зерттеумен айналысқан. Демек, ол қолжазбалар да тіпту кезінде тәркіленген болып шығады. Бізге қажет қайраткердің жеке тұлғалық қатынастарын, отбасы мүшелерімен, жолдастарымен байланысын айғақтайтын жеке хаттары да құжаттардың арасында кездеспеді. Әзірге, архив қорларында оның тек ресми хаттары ғана сақталған. Нәзірдің жеке хаттары оның отбасы туралы шынайы мәліметтер берер еді. Өкінішке қарай, қызы Әнелде Нәзірдің қарындашпен салған суреттері сақталған. Бірақ анасымен жазысқан хаттары сақталмаған.

Сонымен, Нәзір Біріккен Араб Әмірліктеріне елшілікке жұбайы Нинамен аттанады. Осының алдында Мәрияммен ресми түрде ажырасады. Әрине, жүрек қалауымен емес, биліктің тапсырмасымен ажырасады. Өзінен екі жас кіші Нинаға үйленуі ғашықтық сезімінен мүлдем алыс еді. Бұл үйлену «есеп бойынша құрылған неке» еді. Нәзірдің жеке бас есебі емес, ол жанындай жақсы көрген қызы мен аяулы жарын ешкімге жақсы көрген қызы мен аяулы жарын ешкімге ауыстырғысы жоқ болатын. Бұл жерде Кеңес Одағының шетелдегі елшісінің жанына әрі жар, әрі жоғары білікті дәрігер, оның үстіне орыс ұлтының өкілі, Мәрияммен салыстырғанда еуропалық менталитеттегі әмбебап қызметкер ретінде Оргучраспедтің Нина Александровнаға жасаған таңдауы басым еді.

Нәзіртанушы Тайыр Мансұров Нәзірді елшілік қызметке қалай дайындағандығын жақсы жазған. Елдің бейнесін танытатын елшілік қызметке тағайындау үшін, әрине, біліммен бірге саяси-идеологиялық білік, дипломатиялық этикет дағдыларын менгеру керек. Бұлар елшіге қойылатын ресми талап. Сыртқы істер халық комиссариатымен тікелей байланыста жұмыс істейтін НКВД-ның тарапынан да қойылатын қосымша талаптар бар еді. Ол талап – шетелге қызметке кеткендердің ғана емес, іссапарға шыққандардың да соңынан тыңшы салып қою. Күдіретті партиялық билік Нина Александровна кейінде Нәзірге өмірлік жар, көмекші, сонымен



Нәзір Төрешұлов бастаған елшілер Сауд Арабиясында

қолға түсе қойған жоқ. Содан да олардың үйленуі осы кез болса керек деп ойлаймыз. Қалай дегенде де, Нәзір Мәриямды жүрек қалауымен жар етіп таңдады.

Негізінде, Нәзірдің өз отбасы туралы мәліметтер түрлі мекемелерге тапсырған анкеталық құжаттарда ғана сақталған. Солардың бірі – 1928 жылы сыртқы істер халық комиссариаты жауапты қызметкерінің жеке парағы. Өз қолымен жазған құжатта әйелінің Нина Александровна Левашова-Төрешұлова, 32 жаста, Мәскеу II мемлекеттік медицина университетінде студент екендігін көрсетеді. Сонымен бірге өзінің қамқорлығында Мәриям Төрешұлова – Мәскеу II мемлекеттік медицина университетінде студент, 27 жаста (оның өзіне қандай қатысы бар екендігін көрсетпеген), қызы Әнел Төрешұлова үш жарым жаста екендігін жазған. Олармен бірге тікелей қамқорлығында болмағанымен, Қоқан қаласындағы інісі, кеңес қызметкері Қадыр Төрешұловтың 27 жаста екендігі жөнінде мәлімет береді.

Оның алғашқы әйелі Мәриям Ахметжанқызы, екінші әйелі Нина Александровна да Мәскеу II мемлекеттік медицина университетінде оқытқышығы немі білдіреді? Мәриямның алғашқы мамандығы мұғалімдік болатын. Ол Қоқан, Тәшкент қалаларында мектеп мұғалімі болып жұмыс істеген. Ал Мәскеу қаласына 1922 жылдың соңында көшіп барған Нәзір бірден жұмысқа орналасып кетеді де, Мәриям үй шаруасында отырады. Әрине, Мәскеу қаласында мұғалімдік қызметін жалғастыруға Қоқанда алған арнаулы білім жеткіліксіз болатындығы белгілі. Әйтсе де, мамандық бағдарын дәрігерлікке ауыстырудың себебі Нәзірді дипломатиялық қызметке дайындауға байланысты еді. Нәзір 1922 жылдың қарашасында КСРО халықтары орталық баспасының басқарма бастығы болып қызметке кірісті. Түркістан өлкелік партия комитетінің хатшысы, Түркістан орталық атқару

НӘЗІР БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНЕ ЕЛШІЛІККЕ ЖҰБАЙЫ НИНАМЕН АТТАНАДЫ. ОСЫНЫҢ АЛДЫНДА МӘРИЯММЕН РЕСМИ ТҮРДЕ АЖЫРАСАДЫ. ӘРИНЕ, ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМЕН ЕМЕС, БИЛІКТІҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН АЖЫРАСАДЫ. ӨЗІНЕН ЕКІ ЖАС КІШІ НИНАҒА ҮЙЛЕНУІ ҒАШЫҚТЫҚ СЕЗІМНЕН МҮЛДЕМ АЛЫС ЕДІ. БҰЛ ҮЙЛЕНУ «ЕСЕП БОЙЫНША ҚҰРЫЛҒАН НЕКЕ» ЕДІ. НӘЗІРДІҢ ЖЕКЕ БАС ЕСЕБІ ЕМЕС, ОЛ ЖАНЫНДАЙ ЖАҚСЫ КӨРГЕН ҚЫЗЫ МЕН АЯУЛЫ ЖАРЫН ЕШКІМГЕ АУЫСТЫРҒЫСЫ ЖОҚ БОЛАТЫН. БҰЛ ЖЕРДЕ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ШЕТЕЛДЕГІ ЕЛШІСІНІҢ ЖАНЫНА ӘРІ ЖАР, ӘРІ ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ ДӘРІГЕР, ОНЫҢ ҮСТІНЕ ОРЫС ҰЛТЫНЫҢ ӨКІЛІ, МӘРИЯММЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЕУРОПАЛЫҚ МЕНТАЛИТЕТТЕГІ ӘМБЕБАП ҚЫЗМЕТКЕР РЕТІНДЕ ОРГУЧРАСПЕДТІҢ НИНА АЛЕКСАНДРОВНАҒА ЖАСАҒАН ТАҢДАУЫ БАСЫМ ЕДІ.

сұрап жазған хатына да, орталық комитет тарапынан ешқандай жауап берілмеуінің сыры осында еді. Түркістан өлкесінде шектеулі болса да, саяси еркіндігін сақтай алған ұлт қайраткерлерінің Мәскеуге «білімін көтеру, саяси тәжірибе жинақтау» мақсатында шақырып алынғаннан кейінгі тағдыры тордағы тотықұстай болғаны жасырын емес. Тек XX ғасыр басындағы елен-алан кезеңде ел тізгінін ұстаған, халықтың көшіні бастаған ұлт қайраткерлеріне деген қимас сезім, олардың көңіліндегі өміріндегі көріп, әспеттегеніміз болмаса. Бұлай деуіміздің басты себебі – партияның аз ұлттардың қайраткерлерін

БҮГІНГІ САТИРА

Пенденің ғұмыры камшы сабындай қысқа десек, оны шыр етіп дүние есігін ашқаннан, яғни өзі жылап дүниеге келіп, кетерінде үрім-бұтағын еніретіп кететін мезгіл арасын негізгі баспалдаққа бөлуге болады екен. Ал әр баспалдақ бағасын шығарып отырсақ, пенде бет-пердесі белгіленіп, ғұмыр құны белгілі болады. Істерге қара жоктықтан демекші, өз өре, таным-түйсігім бойынша бұл

бөріктің аспанға атасын. Өйткені балана деп шығындануының бас-аяғы осымен бітеді. Итіліп өмір өтеді. Ғұмырының құзырлысы «Мекемеде» өтіп, дін амандығына тәуба етіп, келесі баспалдақ — «Қарттар үйіне» жиған-тергенінді өткізіп тыныш табасын. Дегенмен, бар-барынды «Қарттар үйіне» қаттатып қапы қалмаған мақұл. Өйткені дүниеге келген екенсің, алда өлім атты өзекті баспалдақ тұр. Яғни «Зират» атты мәңгілік

Баспалдақ ғұмыр

баспалдақ-бағаны былайша бағамдап бағасын бердім. Жарық дүниені «Перзентханада» көреді. Сүйіншісі бар, «сұлгісі» бар — 150 доллар беріп ақ халатты абзал жандар алақанынан сәбінді аласын. Бұдан кейінгі белді баспалдақ — беске толып, «Сүндетке» отырғызу бел-белесі. Бұған кемі 200 көк қағаз құны кетеді. Бұның арасында «Балабақша» атты бағбан бар. Бұған берерің тұрған мекенжайың, мекеме мәзіретімен белгіленеді. Ал алақайлап «Мектепке» барғанда, біраз мықшындайсың. Бұған кеткен шығын әр отбасының өз құзырында. «Мектеп» бітіп, ел-жұрттан қалмай баланды жоғары оқу орнына оқытқанда, ойхой, жон терің сыпырылады. Оның құны кім-кімге де белгілі. Төрт-бес жылғы «Институт» атты белес бітіп, баланды ғұмырының құзырлы мезгілі өтетін өткел — «Мекеме» атты мекемеге түмсық сұқтырғанда — ойхой, алақайлап



орнынның құн-бағасын алдын ала өткізіп қойған жөн. Бұнымен айтарымыз — пенденің ғұмыр бағасы біз бағамдаған бағаның о жақ, бұ жағы болып келеді де, өмір баспалдағы «Перзентханадан» басталып — «балабақша», «сүндет», «мектеп», «институт», «мекеме», «қарттар үйі» болып, соңғысы «зиратпен» аяқталады.

Берік САДЫР,
Нұр-Сұлтан қаласы

МҮКІС МҮЙІС



Ал түсініп көр



ҒАҒЫНАҒЫМ

Әл Фараби: шығыс пен батыстың «екінші ұстазы»

Был ЮНЕСКО ұйымы «екінші Аристотель» мәртебесіне ие болған әмбебап ғалым, алып тұлға, қазақ жерінің тумасы Әбу Насыр Әл Фарабидің туғанына 1150 жылдық мерейтойына атап өтпек. Осыған орай, ғұлама ғалымның өмірінен бірқатар қызықты деректерді атап өткім келеді.

Біріншіден, өмірбаянына сүйенсек, білімге деген құштарлық бұл кісінің қаны мен рухына әбден сіңген көрінеді. Ежелгі Фараб-Отырар жерінде туған ол қарапайым тұрғынның уайым-қайғысыз тіршілігін кешудің орнына, қиындық пен алыс сапарға толы тағдырды таңдайды. Шәкірттік жылдарында Ташкент, Самарқан бен Бұқара, одан кейін Бағдат, Дамаск қалаларында болып, біраз уақыт Мысыр елінде қоныс тепкен деседі. Сириядағы алғашқы жылдары ғалым күнкоріс қамымен қарауыл болып жұмыс істеген, ал өзі сүйген ғылыми қызметін түнгі уақытта ғана атқара алған екен. Десе де, Әл Фараби ұстаздың шығармашылығын зерттеген ғалымдар бірауыздан оның ғылыми үлесі Батыс пен Шығыстың білім жауһарлары қазынасына енгенін атап өтеді. Әл Фараби — алғашқы дипломат, яғни халықаралық дәрежелі қайраткерлердің бірі болған десек те қателеспейміз. Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атағының астары да осында.



Екіншіден, Әл Фарабидің ғылыми қызығушылықтар тізімі де таң қаларлық. Ең бастысы — пәлсападан бөлек, жаратғылыстану ғылымдары, музыка, филология, тарих, математика, астрономия, тағысын тағысы... Ол кезде ғылым ұғымының өзі енді пайда бола бастаған дәуір, ғылыми дереккөздер жоқтың қасы... Соның өзінде Әл Фараби философиялық трактаттармен қатар, музыкалық өнер, тарих, математикадан бірсыпыра оқу құралдарын қалдырды. Бір қызығы, олардың көбі қазіргі күнге дейін маңызын

жоғалтпаған. Мәселен, «Парасатты шаһар тұрғындары туралы» еңбегінде тіпті бүгінгі коучтар мен лайф-мотиваторлардың өзі біраз іліп аларлықтай дүние табуына сенімдімін. Тек атаулары мен сөйлемдерін сәл «жанартып», заманауи тілге келтіріп қойса болды...

Үшіншіден, Әл Фарабидің зор талант иесі болғанымен, ол жазған кітаптардың өзектілігіне қарамастан, осы күнге дейін ғалымның өнері мен ғылыми тұжырымдары толық дәрежеде зерттелмей келеді. Бір жағынан, оған ұстаздың шығармалары әлем бойынша жан-жаққа таралып кетіп, ондаған елдің кітапханаларында сақталып жатқаны да себеп болар. Әрине, қазір жыл сайын конференциялар мен симпозиумдар, халықаралық деңгейдегі шаралар өткізіліп жатқанымен, жалпақ жұртқа Әл Фарабидің жазғаны мәлім емес. Уақыт өте, заман талабына сай ғалымның еңбектері цифрландырылып, қалың оқырманға жетсе екен деймін. Атаулары да сиқырлы әуен сияқты: «Білім маржандары», «Парасатты шаһар тұрғындары туралы трактат», «Көркем жазу кітабы»... Күндердің бір күнінде осы шығармалар барлық зиялы қауымға тиесілі құнды қазына атанатынына сенемін және асыға күтемін.

Бүгінгі күнде Әл Фарабидің ғылыми еңбектері, нақтырақ айтқанда, қолжазбаларының көшірмелері Ыстамбұл мен Каир, Тегеран мен Дамаск, Бағдат пен Бейрут қалаларында, сондай-ақ Лондон мен Берлин, Париж бен Лейден ғылыми орталықтарында сақталуда. 1990 жылы америкалық обсерватория ғалымның атын жанадан ашылған астероидтардың біріне берген. Арнайы астрономиялық сайтта «№7057 астероид танымал ежелгі философ, ғалым және музыкатанушы құрметіне Al-Farabi атауын алды» деп көрсетілген. Ұстаздың өмірі мен шығармашылығына бірқатар әдеби шығарма арналған. Оның ішінде жерлесіміз Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың қайтып келуі» романы бар.

Қазақстан — көптеген танымал тұлғалардың атамекені. Олардың ішінде тарихымыздың алтын парактарына енген «тұлғалардың тұлғалары» аз емес. Солардың бірі — Екінші ұстаз, ұлы ғалым Әбу Насыр Әл Фараби екеніне ешкім күмән келтірмес.

Албина ПИРНИЯЗОВА,
ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының магистранты,
Қызылорда облысы әкімі аппаратының бас инспекторы



БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ

Жазылу индексі 65032



Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Эврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕҢЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміңі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәрия АЙТБАЙ — Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (Бөгембай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2228;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ait-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VP00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.